

Н.Ж. Даулеткереева, Г.Б. Мухангалиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық

для учащихся 4 класса
общеобразовательной школы
с русским языком обучения

Часть 2

Алматыкітап баспасы
2019

Даулеткереева Н.Ж. и др.


Қазақ тілі: Оқулық. Для учащихся 4 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения. Часть 2. / Даулеткереева Н.Ж., Мухангалиева Г.Б. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 172 с., илл.

- © Даулеткереева Н.Ж.,
Мухангалиева Г.Б. 2019.
- © ТОО «Алматыкітап баспасы», 2019.

Менің сүйікті оқушым!

«Қазақ тілі» оқулығының 2-бөлімінен «Мамандық әлемі», «Табиғат құбылыстары», «Қоршаған ортаны қорғау» туралы оқып танысасың. Аталған тақырыптар аясында саған үнемі қызықты да маңызды мәліметтер беруге тырысамыз.

Кітаптың алғашқы бөлімінде алған грамматикалық білімдеріңді, қалыптасқан дағдыларыңды одан әрі шындап, әлі де бірге дамытатын боламыз. Қазір сен бұрынғыға қарағанда өз ойыңды ауызша және жазбаша жеткізуге қабілеттісің. Өз қателеріңді дер кезінде түзеуге, жазылым жұмыстарыңды өңдеуге талпынасың. Бұл – сенің батылдығың, білімге деген құштарлығың. Осы еңбегің үшін мен сені мақтан етемін. Олай болса, іске сәт деймін! Жоғарыда аталған тақырыптар туралы маңызды мәселелер төңірегінде пікір білдіріп, өз ұсыныстарымызды әсерлі жаза білуге үйренейік.



49

Байқауға қатысамын

Өзіңнің немесе өзгенің болашақ жоспары туралы айта білуге үйренесің.

мамандық
таңдау
әнші
биші
жүлде
жеңімпаз
сахна
актёр

Жаңа сөз үйренейік



сахна

жеңімпаз

әнші

Тыңдап және жауап берейік

1. Сұрақтарды оқы. Жауабын тыңдалым мәтінінен тап.

Байқау қашан өтеді?

Байқауға кімдерді шақырады?

Қандай өнер көрсету керек?

Жеңімпазға не береді?

Ойланайық

2. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап тап.

Балалар қандай өнер көрсетеді? Болашақта олар қандай мамандықты таңдайды?

Ертең мен байқауға қатысамын. Монолог оқимын. Қазір сахна киімін дайындаймын. Содан соң тағы жаттығамын.



Жеңіс

Ертең мен үлкен сахнада өнер көрсетемін, билеймін, ән саламын. Ұстазым мені ән айтуға дайындайды.



Алтын

Оқып және жауап берейік

3. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Ертең балалар қайда барады?
- 2) Жеңіс сахнада қандай өнер көрсетеді?
- 3) Алтын қандай өнер көрсетеді?
- 4) Балалардың қайсысы жеңімпаз болады деп ойлайсың?

! Есте сақтайық

Алда болатын әрекет



Ертең ол...

байқауға барады
өнер көрсетеді
жеңімпаз болады
сахнада билейді
сахнада ән айтады
мамандық
таңдайды

Жаттығайық

4. Жақшадағы сөздерді өзгертіп жаз.

А. Ертең Жеңіс байқауға (қатысу). Ол сахнада (өнер көрсету), (гитарада ойнау). Оған көрермендер (қол соғу). Жеңіс болашақта нағыз (актёр болу). Ол монолог (оқу). Ол (жеңімпаз болу).

Ә. Ертең Алтын байқауға (бару). Ол үстіне әдемі көйлегін (кию). Алтын сахнада (өнер көрсету), (би билеу), (ән айту). Әрине ол (жүлде алу), (жеңімпаз болу). Көрермен Алтынға (қол соғу), (құттықтау).

Сөйлесейік

5. Сұрақтарды басшылыққа ал.

- 1) Өскенде кім боласың?
- 2) Қандай мамандықты таңдайсың?
- 3) Қай қалада оқисың?
- 4) Қайда жұмыс істейсің?
- 5) Қай қалада тұрасың?
- 6) Арманыңа жету үшін не істейсің?

Мен жақсы маман бол+а+мын.

Сен жақсы маман бол+а+сың.

Сіз жақсы маман бол+а+сыз.

Ол жақсы маман бол+а+ды.

Біз жақсы маман бол+а+мыз.

Сендер жақсы маман бол+а+сыңдар.

Сіздер жақсы маман бол+а+сыздар.

Олар жақсы маман бол+а+ды.

Сен білесің бе?

«Өнерлі өрге жүзеді» деген мақалды өнерлі балаларды көргенде айтамыз.

50

Сахна қызықтары

Өзіңнің немесе өзгенің болашақ жоспары туралы айта білуге үйренесің.

сазгер
көрермен
қазылар алқасы
тілші
болашақ

Жаңа сөз үйренейік



сазгер



көрермен



қазылар алқасы



тілші

Көрсетіп және айтайық

1. Суреттен сөздерді тап.

Үлгі: сахна, үстел, ...



! Назар аударайық

Мен болашақта актёр боламын.

Мен биші мамандығына оқимын.

Мен болашақта актёр болғым келеді.

Мен биші мамандығына оқығым келеді.

Оқиық

2. Диалогті түсініп оқы.

Тілші: Балалар, бүгін сендер тамаша өнер көрсеттіңдер. Өскенде кім боласыңдар?

Жеңіс: Сахнада өнер көрсету маған ұнайды. Болашақта актёр боламын.

Алтын: Маған да сахнада ән айту өте ұнайды. Мен болашақта әнші және сазгер боламын.

Тілші: Сахнада өнер көрсету қиын ба?

Алтынай: Жоқ, қиын емес. Бірақ мен бүгін сахнада құлап қала жаздадым.

Жеңіс: Ал менің сақалым түсіп қала жаздады.

Тілші: Қазылар алқасындағы адамдарды танысыңдар ма?

Жеңіс: Әрине, олар өте танымал сазгерлер мен әншілер ғой.

! Назар аударайық

Мен сахнада сөзімді ұмытып қала жаздадым.	Сен сахнада сөзіңді ұмытып қала жаздадың.
---	---

Сіз сахнада сөзіңізді ұмытып қала жаздадыңыз.	Ол сахнада сөзін ұмытып қала жаздады.
---	---------------------------------------

Сен білесің бе?

3. Ақын өлеңнің сөзін жазады. Сазгер сол өлеңге ән жазады. Ал әнші сахнада әнді орындайды.

Сөйлесейік

Алтын мен Жеңіс туралы күлдіргі сурет сал. Суретіңді сипатта. Кім не істеп жатқанын айтып бер. Олар туралы қызықты (күлдіргі) оқиға құрастырып айт.

Үлгі: Байқауда қызық оқиға болды. Алтын әннің сөзін ұмытып қала жаздады. Көрермендер Алтынмен бірге ән айтты. Алтынның даусы жақсы. Әділқазылар оған жоғары баға берді.

51 Дизайнер

Болатын оқиға туралы ауызша және жазбаша баяндауды үйренесің.
Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздермен танысасың.

сәнгер
мата
сән үлгісі
сән үйі
тапсырыс

Жаңа сөз үйренейік



мата



сән үлгісі



сән үйі



сәнгер

тапсырыс
беруші

Тыңдайық

1. Мәтінді тыңда және оқы.

- Осы аптада жоспарың қандай?
- Бүгін тапсырыс беруші келеді. Оның өлшемін аламын.
- Тапсырысты кім береді?
- Сахнада жүрген танымал адам береді.
- Жарайды, ертеңгі жоспарың қандай?
- Ертең мен мата дүкендерін аралаймын. Бүрсігүні маталарға қараймын, үлгілерді дайындаймын.
- Ал арғы күні не істейсің? Демалуды ұмытпа.
- Жарайды.
- Одан арғы күні қайда боласың? «Айя» сән үйіне барамыз, ұмытып кетпе. Жаңа сән үлгілерін көреміз.

– Иә, сол күні фабрикаға барамын деп едім. Үлгеру керек.

– Жақсы. Мен жазып алайын. Сол күні таңертең есіңе саламын. Сенбі мен жексенбі күндері жұмыс істемейміз. Тауға шығып демаламыз.

Тыңдап және жауап берейік

2. а) Сөйлемді аяқта. Үлгіні қолдан.

Бүгін ол тапсырыс берушінің өлшемін алады.

Ертең _____.

Бүрсігүні _____.

Арғы күні _____.

Одан арғы күні _____.

Сенбі мен жексенбіде _____.

ә) Мәтінді қайталап оқы. Қимылды білдіретін сөздерді тап. Оның қандай мағынада тұрғанын айтып бер.

! Назар аударайық

3. Сөздерді дұрыс айт және жаз.

Жазылуы	Айтылуы
бүгін	бүгүн
бүрсігүні	бүрсүгүні
сенбі	сембі
жексенбі	жексембі

Жаттығайық

4. Сөйлемдерді оқы. Мағыналық айырмашылығын тап. Кестеге бөліп жаз.

<i>Болып кеткен іс-әрекет</i>	<i>Алда болатын іс-әрекет</i>
Мен етікті былғарыдан тіктім.	Ертең мата сатып аламын.

1. Ертең мата сатып аламын. 2. Мен етікті былғарыдан тіктім. 3. Тапсырыс берушімен кездестім. 4. Ертең жаңа сән үлгілерін көрсетеміз. 5. Біздің фабриканы жапты. 6. Мен дизайнер мамандығын оқыдым. 7. Танымал адамға көйлек тігемін. 8. Жаңа ғана сән үйінде болдым. 9. Қазір қысқа шалбар сөнге айналды. 10. Келесі апта дүкендерді аралаймыз. 11. Бүгін мен модельдерді дайындаймын. 12. Идеяны ғаламтордан іздейін бе?

Сөйлесейік

5. Сөңгер мамандығы несімен қиын? Ол қандай қызмет атқарады?

Ұсынылған тілдік құрылымдарды қолдан.

Менің ойымша ...

Менің білуімше ...

Менің түсінгенім бойынша ...

Оның ойынша...

Мәтінде айтылған пікір (ой) бойынша... .

Жазайық

6. Өзіңді сөңгер ретінде елестетіп көр. Бір апталық жұмысыңды жоспарлап жаз.

Үлгі:

Ертең/дүйсенбіде мен кастинг өткіземін, модель таңдаймын.

Бүрсігүні/сейсенбіде _____.

Арғы күні/сәрсенбіде _____.

Одан арғы күні/бейсенбіде _____.

Сенбіде _____.

Жексенбіде _____.

52

Кішкентай тігінші

Жоспарлы әрекетіңді ауызша не жазбаша ретімен баяндауды үйренесің.

жіп
қайшы
түйме
ине

Жаңа сөз үйренейік



Ойланайық

1. Сөйлемдерді оқы. Мағыналық өзгешелігі мен ұқсастығын тап.

Мен енді түйме қадағалы жатырмын.
Анам ертең көйлек тіккелі жатыр.

Мен енді түйме қадаймын.
Анам ертең көйлек тігеді.

❗ Есте сақтайық

бару
келу
шығу
тігу

-ғалы
-гелі
-қалы
-келі

барғалы
жатыр**мын**
келгелі
жатыр**мын**
шыққалы
жатыр**мын**
тіккелі
жатыр**мын**

Сен барғалы жатыр**сың**.
Сіз барғалы жатыр**сыз**.
Ол барғалы жатыр.

Жаттығайық

2. а) Жақшаны ашып жаз.

Үлгі: Мен орамал тіккелі жатырмын.

1. Мен орамал (тігу). 2. Сен матаны (қию). 3. Ол көйлекке түйме (қадау). 4. Сіз үлгі (сурет салу). 5. Мен матаны (үтіктеу). 6. Сен көйлекті (жуу) ба? 7. Ол көк түсті жіп (іздеу). 8. Сен желімді (қолданбау), инемен тіккен дұрыс болар. 9. Мен мата дүкеніне (бару).

ә) Бүгін не істейсің? Айтып бер.

Үлгі: Мен қазір үйге қайтқалы жатырмын. Одан соң сабақ оқығалы жатырмын.

Оқып және жауап берейік

3. Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бөліктерінің ретін анықта.

а) Балалар, қазір қоянның басы мен денесін қосқалы жатырмын. Міне, көріңіз. Қоян дайын болды.

ә) Алдымен колготкидің жоғарғы жағынан қиямын. Ол қоянның құлағы болады. Оны инемен тігу керек. Тігіп болған соң, ішіне мақта салғалы жатырмын.

б) Түймеден қоянның көзін жасаймын. Ал аузын жіпшен тігемін.

в) Балалар, мен қазір ойыншық қоян тіккелі жатырмын. Ол үшін маған шұлық керек.

г) Енді, қараңыз, екінші колготкиді төмен жағынан екіге бөліп қиғалы жатырмын. Бұл – қоянның аяғы. Оның ішіне де мақта салғалы жатырмын.



Жасайық

4. Колготкиден қоян тік. Қалай жасағаныңды айтып бер.

Жасайық

5. Тігінші немен жұмыс істейді? Жауап жаз.

Үлгі: Тігінші инемен жұмыс істейді.

Тігінші (немен)?



жұмыс істейді.

53**Кондитерлік зауытта**

Тағамның дайындалу ретін ауызша және жазбаша түсіндіруді үйренесің.

кондитер
қоспалар
суыту
еріту
безендіру

Жаңа сөз үйренейік

1. Суретке қара, сөздерді жаттап ал.



миксер



қоспалар



суыту



еріту

Талдайық

2. Диалогті тыңда және оқы.

Әсем: Қараңыз, мынау сүт қой, солай ма?

Кондитер: Иә, сүт басқа қоспалармен араласып жатыр.

Рауан: Қандай қоспалармен?

Кондитер: Үн, тұз, ас содасы, қант, жұмыртқа, какао, ванилин, май.

Дидар: Не деген көп сүт!

Кондитер: Иә, бізге торт пісіру үшін сүт көп керек.

Әсем: Міне, қараңдар, жаңғақ қосып жатыр.

Кондитер: Мұнда жаңғақтар уатылады, содан соң ол да миксерге салынады.

Рауан: Керемет, шоколадты қараңдар! Ммм, шоколад жегім келіп тұр.

Кондитер: Бұл жерде шоколадты уатамыз, ұсақтаймыз. Содан соң ерітеміз де, торттың бетіне құямыз, безендіреміз.

Дидар: Ммм, құлпынай, апельсин, банан...

Кондитер: Бұлар тортты безендіру үшін керек.



Оқып және жауап берейік

3. Сөйлемдердің «дұрыс» немесе «бұрыс» екенін айт.

1. Тортты пісіру үшін сүт керек.

2. Тортты безендіру үшін ас содасын қолданады.

3. Шоколадты қолмен уатады, ұсақтайды.

4. Құлпынаймен тортты сәндейді.

5. Дайын суытылған тортты тоңазытқышта сақтайды.

✓	

Ойланайық

4. Сөйлемдерді толықтыр.

Үлгі: Торттың бетіне шоколадты құямыз.

1. Торттың бетіне шоколад (құю). 2. Тортқа ас содасын, тұз, ванилин, қант, ұн (қосу). 3. Тортты жеміс-жидектермен (безендіру). 4. Піскен тортты (суыту), одан соң тоңазытқышқа (салу).

Жазайық

5. Суретке қара. Торттың дайындалу ретін жаз. Ұсынылған жазу үлгісі мен суретті қолдан.

Үлгі: Бірінші, ыдысқа еріген майды саламыз.



54 Ас мәзірі

Ас мәзірін жазып үйренесің.
Орындалуы мүмкін әрекет туралы айтуға,
жазуға үйренесің.

даяшы
аспаз

Жаңа сөз үйренейік



қарақұмық



шырын



даяшы



күріш



асбұршақ

Сөйлесейік

1. Ас мәзірімен таныс. Өзіңе қандай тағамдар алар едің?

Үлгі:

Мен бірінші асқа кеспе алар едім.

Екінші асқа бұқтырылған ет пен қарақұмық алар едім.

Сусын ретінде шай алар едім.



Оқиық

2. Мәтінді түсініп оқы.

Ару: Өркен, сен қандай тамақ аласың? Мен тек күріш жеймін.

Өркен: Менің сорпа ішкім келіп тұр. Ал екіншіге балық алар едім.

Ару: Ас мәзірінде балық жоқ.

Өркен: Мүмкін, даяшыдан сұрармыз. Даяшы, бері келіңізші.

Даяшы: Иә, айта беріңіз.

Өркен: Сіздерде балық болар ма екен?

Даяшы: Иә, әрине.

Ару: Мәзір қате ме, сонда?

Даяшы: Кешіріңіз мені. Бұл кешегі мәзір ғой. Міне, бүгінгі мәзірді алыңыз.

Оқып және жауап берейік

3. Сұрақтарға жауап бер.

Өркен мен Ару қайда отыр?

Олар қандай тағам алғылары келді?

Даяшы қандай қателік жіберген?

! Назар аударайық

балық жегім келеді	балық жер едім
сорпа ішкім келеді	сорпа ішер едім

! Есте сақтайық

<i>Адам жоспарлайды немесе нақты шешім қабылдайды.</i>	<i>Нақты жоспар жоқ, нақты шешім қабылданбаған. Жүзеге асатыны не аспайтыны белгісіз.</i>
Мен балық аламын.	Мен балық алармын.
Мен көмек сұраймын.	Мен көмек сұрармын.

Жаттығайық

4. Мәтінді өзгертіп жаз.

Үлгі: Ертең мейрамханаға барармыз.

Ертең мейрамханаға барамыз. Сендерді қонақ қыламын. Сонда тамақтың түр-түрін алып ішеміз. Тілектеріңді орындаймын. Не қаласандар, соны алып беремін. Ол жердегі аспаздар тағамды өте дәмді дайындайды.

Ойланайық

5. Даяшы не істейді?
Аспаз немен айналысады?

Жазайық

6. Даяшы мен аспаздың арасында диалог құрастыр.

Үлгі:

Даяшы: Бүгін қандай тағам пісіресіз?

Аспаз: Мен бүгін сорпа пісіремін.

Даяшы: Ас мәзіріне жазып қояйын ба?

Аспаз: Әрине.

Ойнайық

7. Рөлдік ойынға қатыс. Берілген сөздерді қолдан.

Ойынның кейіпкерлері: мейрамхана басшысы, даяшы, мейрамхана қонағы.

Кешіріңіз, өтінемін, қандай тағам аласыз,
асыңыз дәмді болсын, ауыстырып берейін.

55

Еңбек адамдары

Еңбек адамдары туралы өлең оқисың.
Олардың атқаратын жұмысы туралы
сөйлесесің.

диқан
диірменші
жүргізуші
сатушы
есепші

Ойланайық

1. Берілген сөздерге -шы/-ші қосымшасын жалға. Мағынасын түсіндір.

жүргізу есеп дүкен диірмен бақылау сату жұмыс

Оқиық

2. Өлеңді түсініп оқы.

Мен **диқан** боламын,
Егін егіп, орамын.
Жүргізуші боламын,
Қамбаға астық құямын.
Мен **жұмысшы** боламын,
Қырданды таза қыламын.
Мен **есепші** боламын,
Өлшеп астық аламын.
Диірменші боламын,
Астықтан ұн аламын.
Мен – **наубайшы**, шырағым,
Нан пісіріп тұрамын.
Мен **сатушы** боламын,
Тәтті **тоқаш** сатамын.



Оқып және жауап берейік

3. Еңбек адамдарының суретін тап.

Үлгі: комбайншы – комбайн.

Ізденейік

4. Сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен немесе галамтордан қара.

қамба

қырман

диірменші

астық

Ойнайық

5. Сұрақтар үлгісін пайдалан.



Мен жер жыртамын ба?

Мен астықты ұшырамын ба?

Мен астықты тазалаймын ба?

Мен астық тасимын ба?

Мен қырманды сыпырамын ба?

Мен астықтан ұн тартамын ба?

Мен ұннан нан пісіремін бе?

Мен дән себемін бе?

Мен егін орамын ба?

Жазайық

6. Нан дастарқанға қалай келеді? Еңбек адамдары қандай қызмет атқарады?

Мәтінді толықтыр.

дән себеді

тазалайды

егін егеді

тасиды

сатады

жасайды

жинайды

пісіреді

Нан – өте қасиетті тағам. Нан дастарқанға көп еңбекпен келеді.

Алдымен көктемде диқаншы 2 _____ . Одан соң диқаншы ол жерге трактормен немесе комбайнмен 3 _____

_____ . Күзде дән піседі. Оны диқаншы комбайнмен
 4 _____. Комбайн жинаған астықты жүргізуші көлі-
 гімен қырманға 5 _____. Қырманда жұмысшылар
 астықты ұшырады, 6 _____. Тазаланған астықты
 жүргізушілер қамбаға, диірменге 7 _____. Диірмен-
 ші астықтан ұн 8 _____. Ұннан наубайшы тәтті
 нан, бөлкелер 9 _____. Дәмді бөлкелерді сатушы
 9 _____ .

МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

56 Қайталау

Бір аптаға жоспар құра аламын.

Үлгі:

Дүйсенбі кітапханаға барамын.

Сейсенбі ...

Сәрсенбі ...

Бейсенбі ...

Жұма ...

Сенбі ...

Жексенбі ...

Апта күндерін басқаша түсіндіре аламын.

Үлгіні қолдан.

дүйсенбі	бүгін
...	...
...	...
...	...
...	...

Істің орындалу ретін түсіндіре аламын.

Бірінші, сурет саламын.

Екінші, ...

Үшінші, ...

Төртінші, ...

Ең соңында ...

Мамандық атауларын білемін.

Мен жер жыртамын.

Мен егін орамын, жинаймын.

Мен астық тасимын.

Мен астықты өлшеймін.

Мен ұннан нан пісіремін.

Мен астықтан ұн тартамын.

Мен тәтті тоқаш сатамын.



Сөйлемнің мағынасын ажырата аламын.

1	Мен егінді жинадым.	Болған әрекет
2	Астықты ертең өлшеймін.	Болатын әрекет
3	Жер жырттым, дән септім.	
4	Астықты ұшырдым, тазаладым.	
5	Қонаққа нан пісіремін.	
6	Тәтті тоқаш саттым.	
7	Ұнды тартамыз да, наубайшыға жібереміз.	
8	Қырманды сыпырдым.	
9	Астықты қамбаға құямын.	
10	Тауарды қайта есептедім.	

Болашақ жоспарым туралы жаза аламын, айтамын.

а) Жақшаны ашып, сөзге **-ғалы/-гелі/-қалы/-келі** қосымшаларын дұрыс жалғап жаз.

Үлгі: Мен ән байқауына **қатысқалы** жатырмын.

Мен ән байқауына (қатысу).

Мен сахнада (би билеу).

Мен көрерменнің (көңілін көтеру).

Біз жеңімпазға (сыйлық беру).

Сен кинода (ойнау).

Сіз маған көйлек (тігу).

Біздер сән үйіне (бару).

Ол шұлықты (кию).

ә) Жақшаны ашып, **-ар/-ер/-р** қосымшаларын дұрыс жалғап жаз.

Үлгі: Жолда торт сатып алармыз.

Аспаздан керек тамақтардың тізімін (сұрау).

Мүмкін тағамды өзіміз (пісіру).

Мен тортты (безендіру).

Жаңа сән үлгілерін (көру).

Сабақтан ерте (шығу).

Болашақта үлкен сахнада (ән салу).

57


Сәулетшінің өнері

Сәулет өнеріне қатысты мамандықтармен таныссың.
Құрылысқа қатысты сөздерді қолдана білуге үйренесің.

ұста
сәулетші
құрылысшы
шатыр
баспалдақ
көлем

Сөйлесейік

1. Саған қай ғимарат ұнайды? Неліктен?
Ол қандай құрылыс материалынан салынған?



Жаңа сөз үйренейік

Ұста – ағаш шебері.

Сәулетші – болашақ ғимараттың жобасын жасайтын адам.

Құрылысшы – дайын жобаға қарап ғимаратты салатын адам.

Шатыр – ғимараттың төбесіне жабылатын бөлік.

Баспалдақ – келесі қабатқа апаратын жол.

Ойланайық

2. Қоршаудағы сөздерді оқы. Кестенің тиісті бөлігіне қой.

Ғимарат, сәулетші, балкон, кірпіш, құрылысшы, ұста, есік, үй, инженер, пәтер, еден, қабат, көрші, шатыр, бөлме, баспалдақ, тас, терезе, ағаш.

Ғимараттың бір бөлігі	Құрылыс материалы	Мамандық
балкон	кірпіш	сәулетші

Көрсетіп және айтайық

3. Суреттегі үйлерді салыстыр. Қандай айырмашылығы мен ұқсастықтары бар.

Анықтайық

4. Сөйлемдерді оқы. Алдыңғы беттегі суреттің ішінен тап.

- а) Бұл үй әйнектен салыныпты.
- ә) Бұл үй кірпіштен салыныпты.
- б) Бұл үй тастан салыныпты.
- в) Бұл үй ағаштан салыныпты.

Оқиық

5. Мәтінді түсініп оқы.

Үй салғанда сәулетші ең бірінші климатқа көңіл бөледі. Мысалы, құрғақ аймақтарда үйдің шатыры тегіс, терезелері кішкентай болады. Ал жаңбырлы аймақтарда үйдің шатыры көлбеу орналасады.

Бұрын баспаналарды ағаштан, ірі тастардан салған. Ал қазір ғимаратты тез салу үшін кірпіш, пластикті көп пайдаланады. Бұл материалдар өте жеңіл. Әсіресе, биік ғимараттарды салу үшін өте ыңғайлы. Құрылысшылар мен ұсталар жеңіл құрылыс материалын оңай қолданады, өңдейді.

Оқып және жауап берейік

6. Сұрақтарға мәтіннен жауап ізде.

Сәулетші қандай нәрсеге көңіл бөледі?

Баспана салу үшін қандай материалдар қажет?

Ғимаратты тез салу үшін қандай материалдар ыңғайлы?

Құрылысқа қандай мамандар қажет?

Жасайық

7. Өзіңнің қиялыңдағы баспананың суретін сал. Оның жобасын, құрылыс материалдарын таныстыр.

58

Шаштаразда

Кіммен? Немен? сұрақтарын қолдануды үйренесің.
Мәтінді шолып оқып, керек ақпаратты табасың.

шаштараз
сусабын
тарақ
алжапқыш
түйреуіш
жабын

Анықтайық

1. Бұл құралдар кімдікі? Сұрақтарға жауап бер.



тарақ



сусабын



алжапқыш



түйреуіш



жабын

Оқып және жауап берейік

2. Қарамен берілген сөздерге қандай сұрақ қоюға болады?

Шаштараз **сусабынмен** не істейді?

Шаштараз **тарақпен, қайшымен** не істейді?

Шаштараз **түйреуішпен** не істейді?

! Есте сақтайық

Кіммен?	Егер сөз	а, ы, і, у, ю, я, р, л, м, н, ң, й	-мен	сусабынмен
Немен?	соңында	з, ж	-бен	қағазбен
		г, к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, ц, ч	-пен	орындықпен

Жаттығайық

3. а) Сөйлемдегі сөздерге тиісті жалғауды жалғап жаз.

1. Алжапқыш... үстіңізді жабайын. 2. Шашымды бигуди... бұйралаймын. 3. Шашыңды тараймын, содан соң түйреуіш... сәңдеймін. 4. Шашты арнайы мәшинке... алады. 5. Шаштараз... келістім, сағат 3-те мені күтеді. 6. Басымды сусабын... жудым. 7. Шашты қол... бояуға болмайды, арнайы щётка... боя. 8. Шашыңды тарақ... тара.

ә) Жақшада берілген сөздерді дұрыс нұсқада жаз.

1. (Сен) бірге шаштаразға барамын.
2. Маған (сіз) дүкен аралаған ұнайды.
3. Шаш үлгісін (ол) бірге таңдаған дұрыс.
4. (Мен) жүріңіз, айнаның алдындағы креслоға отырыңыз.
5. Артқы жағын (айна) көрсетші.
6. (Біз) бірге салонға жүріңіз.
7. Мен де (сендер) бірге шашымды бояғым келеді.

! Назар аударайық

мен	менімен
сен	сенімен
сіз	сізбен
ол	онымен
біз	бізбен
сендер	сендермен
сіздер	сіздермен
олар	олармен

Сөйлесейік

4. Рөлге бөліп оқындар.

– Сәлеметсіз бе, шашымды қиып беріңізші.

- Менімен жүріңіз. Мына жерге отырыңыз.
- Кәне, үстіңізді жабынмен жабайын. Киіміңіз шаш болады. Журналдан үлгі таңдайсыз ба?
- Жоқ, маған өте қысқа шаш үйлеседі. Мәшинкемен жұқалап ала беріңіз.



Ерғазы

Оқып және жауап берейік

5. Сұрақтарды оқып, жауап бер.

Ерғазы кіммен сөйлесті?

Ерғазының үстін немен жапты?

Ерғазының шашы немен алынды?

! Назар аударайық

6. Кестеде берілген сөйлемдерді салыстыр. Екінші бағандағы мен, пен сөздері неліктен бөлек жазылған.

Шаштараз қайшымен жұмыс істейді.

Маған қысқа шашпен жүрген ұнайды.

Шаштараз бен сәңгерді бір мамандық деп ойлаймын.

Шаш пен киім үйлесіп тұруы керек.

Жаттығайық

7. Сөйлемдер құрастыр. Жоғарыда берілген кестені басшылыққа ал. Төмендегі сөздерді қолдан.

Сусабынмен жуу, бояумен бояу,
өрнек салу, тықырлап алу,
кептіргішпен кептіру,
мәшинкемен алу, сүлгімен сүрту.

59


Шаш үлгісін таңдаймыз

Шаш өру түрлерін үйренесің.
Ауызша және жазбаша таныстырылым
жасап, оны түсіндіресің.

тікірею
ұйысу
тақырлап
алу

Ойланайық

1. Сөзжұмбақты шеш.



Көлденеңінен:

1. Шаштараз құралы.
2. Шашатараз не қияды?
3. Жиһаз атауы.
4. Жұғыш зат.

Тігінен:

1. Шаштараз киімі.
2. Шашатараз құралы.
3. Шаштараздың бөлмесінде ілулі тұрады.
4. Шаш сәндеуге қолданылады.

1. Түйілген
2. Бұйраланған
3. Тікірейген
4. Ұшы түзетілген
5. Қиылған
6. Өрілген
7. Тақырланып алынған
8. Өрнек салынған



Сөйлесейік

2. а) Суретке қара. Суреттерді қоршаудағы сөздермен сәйкестендір.

ә) Саған қандай шаш үлгісі ұнайды? Сөздерді қолданып сөйле.

б) Шеңберге тұрыңдар. Сыныптастарыңа өз шаш үлгің туралы айтып бер.

Үлгі: Менің шашым қысқа қиылған, таралған. Шашымның түсі қара, боялмаған.

в) Өз көршіңнің шаш үлгісін сипатта.

Үлгі: Оның шашы ұзын және бұйраланған. Шашының түсі сары, боялған.

Оқыық

3. Таныстырылым мәтінін оқы.

Сәлем, достар! Қазір сендерге өте әдемі шаш үлгісін көрсеткелі тұрмын. Қараңыздар, бұл үлгіде шаш өрілген және бұйраланған, боялған. Орындалу кезеңін түсіндірейін. Бірінші, шашты жуамыз, кептіреміз, тараймыз. Екінші, шашты бір самайдан бастап, келесі самайға дейін өреміз. Өріп болған соң, бұйралаймыз. Лакпен қатырамыз.




Оқып және жауап берейік

4. Сөйлемдердің «дұрыс» немесе «бұрыс» екенін айт.

1. Бірінші шашын жуған.
2. Екінші шашты бұйралаған.
3. Шаш алдымен өрілген, содан соң бұйраланған.
4. Шашты гельмен қатырған.
5. Шашқа түйреуіш таққан.

Жаттырайық

5. Жіпті не қуыршақтың шашын үлгіге қарап өр.



1 2 3

1



2 3 1

2



3 1 2

3



4



Жасайық

6. Суретке қара. Үлгілерге қарап, қуыршағыңның шашын сөнде. Шаш үлгісін қалай жасағаныңды айтып бер. Оқыған мәтінді басшылыққа ал.



60**Киім дүкенінде**

Киім атауларымен танысасың.
Сауда жасауға қажет сөздік қорды меңгересің.

өлшем
баға
түр
малақай
бөкебай
бөтеңке
белдемше

Оқиық

1. Өлең не туралы екенін айт.

Менің киімдерім

Буынғаным –
Бір белдік,
Мұны, кәне,
Бір делік.
Екі қолғап,
Бір шалбар
және үстімде бір тон бар.
Барлық бала кимей ме:
Екі шұлық,
Бір жейде.
Оған енді тосылмай, скі стікті қосыңдар.
Он болды ма барлығы,
Есте сақтап қал мұны!



Серік

Ө. Ақыпбекұлы.

Оқып және жауап берейік

2. Өлеңді қайталап оқы. Өлеңде кездесетін киім атауларын ата. Оларды суреттен тауып көрсет.

! Назар аударайық

Жазылуы	Айтылуы
Шұлық	Шүлүк

Жаттығайық

3. Жаңа сөздерді қолданып, көршіңе сұрақ қой.

Үлгі:

Сенің малақайың бар ма? Малақайыңның түсі қандай?
Сенің бөтеңкең қара ма әлде қоңыр ма?



малақай



белдік



бөкебай



бөтеңке

Ойланайық

4. Берілген сөйлемдерді оқы. Сатушы мен сатып алушының сөздерін анықта.

Осы түрі
ұнайды.

Қандай өлшем
керек еді?

Бағасы қанша
тұрады?

Қандай
түрлері бар?

Қандай түсті
ұнатасыз?

Маған бұл тар
болды.

Бағасы
қымбат екен.

Көрсетіп және айтайық

5. Серік әпкесімен бірге дүкенге келді. Оның қолында 13 000 теңге ақшасы бар. Осы ақшаға анасы не сатып әпереді деп ойлайсың?



2000 тг



1500 тг



300 тг



4000 тг



700 тг



2500 тг

Тыңдап және жауап берейік






6. Мәтінді тыңда. Бос орынды тиісті сөзбен толықтыр.

- Сізде 35-ші өлшем 1 _____ бар ма?
- Сізге қандай 2 _____ керек?
- 3 _____ түс бар ма?
- Мынадай 4 _____ ұнай ма?
- Осы үлгіні іздеп едім. Бағасы қанша тұрады?
- 5000 теңге тұрады.
- Бағасы қымбат емес. 5 _____ қайда төлеймін?
- Кассаға өтіңіз.
- Рақмет.

Қажетті сөздер: түс, бөтеңке, үлгі, ақшаны, қоңыр.

Сөйлесейік

7. Балалардың нені сатып алғанын, нені сатып алмағанын айтып бер.

					
Серік	+	+	+	+	
Жадыра			+		+

МАМАҢДЫҚТАР ӘЛЕМІ

60

Сауданы қайдан жасадың?

тауар
бұйым
сауда орны

Ойланайық

1. а) Сөздерді суретпен сәйкестендір.



Киім дүкені, шаруашылық тауарлары дүкені, кітап дүкені, жеміс-жидектер дүкені, зергерлік бұйымдар дүкені, құрылыс заттары дүкені, аяқкиім дүкені, ойыншықтар дүкені, кеңсе тауарлары дүкені, спорт тауарлары дүкені.





1



2



3



4



5



6



7



8



9



10



11

ө) 10 заттың тізімін жаса. Оны қай дүкеннен сатып алғаныңды айт.

Ойнайық

2. Тізімдегі 10 затты параққа жаз. Оған көршіңнің парағын қос. Парақтарды төңкеріп қой. Кезектесіп алып, қай дүкеннен алғандарыңды айтыңдар. Дұрыс айтсаң, парақ сенікі. Көп парақ жинап, жеңімпаз бол.

Үлгі: Менде кітап бар. Бұл кітап менікі. Мен мұны кітап дүкенінен алдым.

Менде гүл бар. Бұл – сенікі. Сен мұны дүңгіршіктен сатып алдың.

Ойнайық

3. Соңғы үш айда не сатып алдың? Суретін сал. Рөлдік ойынға қатыс, суреттерді пайдалан.

Үлгі:

– О, қонжық, мынау керемет қой, қайдан сатып алдың?

– Әкем супермаркеттен, ойыншықтар бөлімінен сатып әперді.

– Ал мына бадминтонды қайдан сатып алдың?

– Үйдің қасындағы супермаркеттен сатып алдым...

Сенде не бар, көрейінші....

Сөйлесейік

4. Топқа бөлініңдер. Текшені шиырып, сөздер ұяшығын таңдаңдар.

Таңдаған ұяшықтағы тауар атауларын қолданып, тауарды және сауда орнын жарнамалаңдар.

Үлгі: Құрметті қала тұрғындары!

«Мирдана» сауда үйіне қош келдіңіздер!

Сауда үйінен құрылыс заттарының барлығын таба аласыздар. Сапалы еден тақтайшалары, терезе, есік жақтаулары, жуынатын бөлмеге қажетті бұйымдар т.б.

Келіңіздер, көріңіздер. Саудаңыз сәтті болсын!

<p>қалың дәптер қылқалам қалам өшіргіш сөмке боюу сызғыш</p>	<p>спорт киімі малақай белдік қамзол галстук жейде шалбар</p>	<p>құмыра табақ кесе шәйнек қасық торсық тәрелке</p>
<p>қуыршақ қонжық ұшақ тікұшақ кеме қайық мәшине</p>	<p>күрек тырмауыш суқұйғыш сыпырғыш сым шам шелек</p>	<p>айна киім ілгіш үстел орындық сандық шкаф кереует</p>

62

Мен дәрігер боламын

Дәрігердің жұмысымен, оның құралдарымен таныссың.

қабылдау
ісіп кету
тамақты шаю
тамағым
ауырады
құлағым
шулайды
басым айналады

Ойланайық

1. ә) Өлеңді оқы. Дәрігер мамандығының өз ішінде қалай бөлінетінін анықта.

Әжеме тіс саламын,
Көзәйнек оған тағамын.
Ауырып тұрса құлағы,
Өзім емдеп, жазамын.
Мен дәрігер боламын.



Сен білесің бе?



стетаскоп



отоскоп



онометр



қызу өлшегіш

Тыңдап және жауап берейік

2. Диалогті тыңда және сәйкестендір. Стикерді пайдалан.

	Дәния	Айжан	Нұрым
Менің басым, тамағым, мұрным ауырады.			
Тақтадағы жазуды көрмей отырмын.			
Ішім ауырады. Құсқым келеді.			

Сөйлесейік

3. Балалар қандай дәрігерге барады? Кестені пайдаланып сөйле.

Үлгі: Айжан тамағы ауырса, отолорингологке барады.

	Дәрігер-терапевт	Көз дәрігері	Құлақ, тамақ дәрігері
Дәния			
Айжан			
Нұрым			

Оқиық

4. Диалогті рөлге бөліп оқып, сахналандар.

Дәрігер-терапевтің қабылдауында

- Сәлеметсіз бе, дәрігер.
- Иә, Айжан, келе ғой. Қай жерің ауырады?
- Менің басым, тамағым ауырады, мұрным бітеді.
- Суық тиген болар, көне, қарайын. Алдымен, қызуыңды өлшейін. Қорықпа, бұл – қызу өлшегіш құрал. Енді аузыңды аш. Мммм, тамағыңды шаю керек.

Көз дәрігері қабылдауында

- Дәрігер, тақтадағы жазуды дұрыс көрмеймін.

- Кел, Дәния, мына әріптерді атап бер.
- Мынау қандай әріп?
- А, с, т, и.
- Енді оң көзіңді жап.
- Тағы да ма?

Құлақ, тамақ дәрігері қабылдауында

- Дәрігер, қатты айтыңызшы.
- Қашаннан ауырып жүр құлағың?
- Сіз сөйлегенде құлағым шулайды?
- Қатты салқын тиген деп ойлаймын. Көне, ішін де қарайын. Қорықпа, бұл – құлақ тексеретін отоскоп деген құрал.

Оқып және жауап берейік

5. Сұрақтарды көршіңмен бірге талқыла. Дәрігер сені қалай емдейді? Сұрақтардың жауабын айт.

- Басың ауырса, кімге қараласың?
- Қызуың көтерілсе, кімге қараласың?
- Көзің ауырса, кімге қараласың?
- Ішің ауырса, кімге қараласың?
- Құлағың ауырса, кімге қараласың?
- Басың айналса, кімге қараласың?
- Тамағың ісіп кетсе, не істейсің?
- Құлағың шуласа, не істейсің?
- Көзің алыстан нашар көрсе, не істейсің?

Жазайық

6. Сөйлемді аяқтап жаз.

Мен ауырсам, дәрігерді үйге шақырамын.
Ол мені емдейді. Мысалы, менің басым ауырса, ...

63

Спортшы

Спорт түрлерімен және мамандығымен танысасың. Болып жатқан әрекет туралы айтып және жазып үйренесің.

спортшы
жанкүйер
бапкер
түр

Ойланайық

1. Жұмбақты шеш.

Шынығып жүйріктер,
күштілер,
Әлемдік байқауға барады.
Қол соғып, қуанып, жанкүйер,
Құттықтап, алдынан шығады.
Білсең сен, балақай, айта ғой,
Бұл қай маман болады?



Сөйлесейік

2. Төмендегі сұрақтарды көршіңмен талқыла. Өзге топтармен пікір алмасындар.

1. Саған қандай спорт түрі ұнайды? Неліктен?
2. Қандай қазақстандық спортшыларды білесіңдер?
3. Қазақстанда қандай спорт түрі жақсы дамыған?
4. Спортшыларды жаттықтыратын адамды қалай атайды? Ол қандай қызмет атқарады?
5. Спортта төреші қандай қызмет атқарады?

Талдайық

3. Мәтінді тыңда және оқы. Бос орынға қойылатын сөздерді анықта.

Бүгін өте қызық түс көрдім. Түсімде 1 _____. Айнала тау, күн ашық екен. Шаңғым тоқтамай, 2 _____. Құла-сам не болады деп 3 _____. Бірақ межеге жету керек, мен мықтымын деп өзіме-өзім 4 _____. Бір кезде межеге бірінші болып жеттім. Сендер мені 5 _____. Керемет сезім! Барлық сынып жанкүйер болып 6 _____. Мен сол кезде болашақта спортшы боламын деп шештім.

Қажетті сөздер:

шаңғы теуіп келе жатырмын
 құттықтап жатырсындар
 айғайлап жатыр
 айтып келе жатырмын
 сырғып келе жатыр
 ойлап келе жатырмын

1



! Есте сақтайық

Бастапқы қалып	Қазіргі іс-әрекет	
	<i>мен (қазір)</i>	<i>сен (қазір)</i>
құлау	құла+п жатыр+мын	құла+п жатыр+сың
жарысу	жарыс+ып жатыр+мын	жарыс+ып жатыр+сың
тебу	те+уіп жатыр+мын	те+уіп жатыр+сың
түс көру	түс көр+іп жатыр+мын	түс көр+іп жатыр+сың

Ойнайық

4. Текшені шиыр. Текше түскен суретті сипатта. Ол не істеп жатыр?

<p>БАСТА</p>		
		
		
		<p>АЯҚТА</p>

64

Қайталау

Мамандық атауларын білемін.

1. Сөйлемдерді суретпен сәйкестендір.



- 1) Оның қызметі – ғимараттардың жобасын жасау.
- 2) Оның қызметі – темірден бұйым жасау.
- 3) Оның қызметі – науқас адамдарды емдеу.
- 4) Оның қызметі – тауарларды сату.
- 5) Оның қызметі – есеп жүргізу.
- 6) Оның қызметі – ұшақпен ұшу.
- 7) Оның қызметі – үй салу.
- 8) Оның қызметі – шаш қию.

Кіммен? Немен? сұрақтарының мағынасын түсінемін. Қолдана аламын.

2. Тиісті қосымшаны жалғап айт.

1. Жоғарғы қабатқа баспалдақ... көтеріліңіз. 2. Ұста жеңіл материал... жұмыс істейді. 3. Шашты сусабын... жуу керек. 4. Қабырғаны тас... қалау керек екен. 5. Шашымды мәшинке... жұқалап ала беріңіз. 5. Серік әпкесі... бірге дүкен аралады. 6. Маған қысқа шаш... жүрген ұнайды.

Кімге? Неге? сұрақтарына жауап беретін сөздерге қосымша жалғай аламын.

3. Сөйлемдерді толықтыр.

Егер құлағыңыз ауырса, _____ барыңыз.

Егер қызуыңыз көтерілсе, _____ барыңыз.

Егер көзіңіз нашар көрсе, _____ барыңыз.

Егер шашыңыз өсіп кетсе, _____ барыңыз.

Мамандыққа қатысты құралдарды білемін.

4. Құралдардың атауын жаз. Олардың кімге тиесілі екенін айттып бер.



Сауда жасай білемін. Тауардың құнын есептей аламын.

5. Диалог құрастыр. Суреттегі тауарларды сатушыдан сатып ал.



Дәрігерге сырқатым туралы айтып бере аламын.

Менің



ауырады.

Шаш үлгісін сипаттап бере аламын.

6. -ған/-ген/-қан/-кен қосымшасын қолданып жаз.



65**Күн райы болжамы**

Табиғат құбылыстарының атауын білесің.

ашық
бұлтты
жаңбыр
жылы



ашық күн



жаңбыр



жылы



бұлтты

Жаңа сөз үйренейік

Тыңдайық

1. Мәтінді тыңда. Кестені толтыр.

қала атауы	күні	күн райы	ауа температурасы

Күн райы болжамы



Ойланайық

2. Ойланып, сұраққа жауап бер.

Күн райы болжамын кім айтады?

Күн райы болжамын қайдан білуге болады?

Ауа температурасын көрсететін құрал қалай аталады?

Сынап бағанасы 0-ден жоғары болса, нені білдіреді?

Сынап бағанасы 0-ден төмен болса, нені білдіреді?


Сынап бағанасы +18 градус болса, күн қандай болады?

Көрсетіп және айтайық

7. Қазақстан қалаларының күн райы болжамын айтып бер.

Үлгі:

Талдықорғанда күн ыстық. Ауа температурасы күндіз +20, +22 градусты көрсетеді. Жаңбыр жауады.



Жазайық

8. Картадағы мәліметке қара. Төрт топқа бірігіп, аймақтардың күн райын таныстыру мәтінін постерге жазыңдар.

Үлгі:

Құрметті көрермендер! Ертеңгі күн райымен таныс болыңыздар. Ертең Ақтөбеде күн бұлтты болады. Сынап бағанасы +16 градусты көрсетеді. Жаңбыр жауады.

Күндіз, түнде, сынап бағанасы, синоптиктердің болжауынша, синоптиктердің айтуынша, төмен, жоғары, көрсетеді, бұлтты, ашық, жаңбыр жауады, күн райы болжамын ұсынамыз, танысыңыз, бүгінгі, ертеңгі, ауа температурасы, мәлімет бойынша, тележүргізуші, көрермен.

Сөйлесейік

3. Күн райы болжамымен таныстырыңдар.



4. Сөздердің қарама-қарсы мағынасын тауып айт.

жоғары

↓

?

күндіз

↓

?

ашық

↓

?

66

Жайсыз күн

Ұнамды және ұнамсыз жайттарды дәл сипаттап жеткізуге үйренесің.
Қолайсыз күн райы туралы сөйлесесің,
жазасың.

ерте
кеш
жарқырау
жел
жайсыз
құлау
қолайлы
сәуле

Жаңа сөз үйренейік

1. Сөздерді оқып, жаттап ал. Қолайлы күн райы қай суретте берілген? Атап көрсет.



жел



кеш



ерте



сәуле



күркіреу



құлау

Жаттығайық

2. Сөйлемдерді толықтар.

- 1) Мен бүгін ... тұрдым. Сабаққа кешікпей бардым.
- 2) Міне, кеш болды. ... әлі жауып тұр.
- 3) Солтүстіктен салқын ... соғады.
- 4) Күн күркіреді, дауыл соқты. Ауылдағы ағаштар
- 5) Жаңбыр жауып, күн Өте жайсыз күн болды.

Қажетті сөздер: жаңбыр, құлады, ерте, күркіреді, жел.

Анықтайық

3. Сөйлемдері оқы. Мағыналарын салыстыр.

1	Бүгін ерте тұрдым.	Бүгін еп-ерте тұрдым.
2	Таңертең күн ашық болды.	Таңертең күн ап-ашық болды.
3	Айнала жарық, тыныш болды.	Айнала жап-жарық, тып-тыныш болды.
4	Күн суық болып кетті.	Күн сұп-суық болып кетті.
5	Үйдің іші жылы болды.	Үйдің іші жып-жылы болды.

Жаттығайық

4. Сөйлемдері оқы. Мағыналарын салыстыр.

а) Берілген сөздердің мағынасын күшейтіп айт.

Үлгі: сары – сап-сары.

Сары, қоңыр, әдемі, таза, ерте, жақын, ашық, қара, тыныш, салқын, жылы

ә) Сөздермен сөйлем құра.

Үлгі: Аспандағы күннің түсі сап-сары.

Сөйлесейік

5. Суретке қара. Күн райының өзгеруі туралы әңгіме құрап айт.



Жазайық

6. а) Сурет бойынша, шағын әңгіме жаз. Қоршаудағы сөздерді қолдан.

Үлгі: Бүгін Сәуле ерте тұрды. Терезеге қарады. Күн апашық, жарқырап тұрды. Айнала тып-тыныш болды. Ағаштың жапырақтары қозғалмады. Жел жоқ. ...

Жаттығу жасау, күн, дала, жылы, үйге қарай жүгіру, терезеден қарау, түске жақын, күн райы, қолайсыз болу, ұнау, ұнамау, су болу, құлау, сәуле, жел, күркіреу.

Жазайық

7. Мәтін бөліктерінің ретін анықта.

Бүгін Сәуле ұйқыдан ерте тұрды. Ол беті-қолын жуды, тез киінді. Таза ауада жаттығу жасауды ойлап сыртқа шықты.

Күн райы өте қолайсыз, жайсыз болды. Сәуле үйіне жеткенше бірнеше рет құлады. Үсті-басы әбден балшық болды.

Айнала тып-тыныш болды. Сәуле жаттығу жасады. Одан кейін жүгірді.

Кенет жел соқты. Аспанды бұлт жауып, күн күркіреді. Көп кешікпей жаңбыр жауды.

Оқып және жауап берейік

8. Қарсы мәндес сөздерді тап.

1. тез 2. қолайлы 3. ерте 4. шулы 5. ыстық 6. қараңғы

а) жарық ә) суық б) тыныш в) кеш г) қолайсыз д) баяу

67**Аймақтар табиғаты**

Аймақтарға тән табиғат құбылыстары туралы оқисың.
Күн райының ерекшеліктері туралы айтып үйренесің.

биыл
боран
түске дейін
еру
ұзақ
үнемі
жиі
кемпірқосақ

Жаңа сөз үйренейік

1. Сөздерді оқып, жаттап ал.




боран



түске дейін



түстен кейін



еру



кемпірқосақ

Салыстырайық

2. Мәтіндерді оқы. Салыстыр.



Менің атым – Ерік. Ақтөбеде тұрамын. Биыл қыс суық. Аспан үнемі бұлтты болып тұр. Жиі жел тұрады, боран соғады. Қар өте қалың жауады. Синоптиктердің айтуынша, биыл қыс ұзақ болады.



Менің атым – Ай-нұр. Мен Түркістанда тұрамын. Біздің аймақта қыс өте жылы. Күн ашық және тынық. Жерде әлі қар да жоқ. Қар түске дейін жауады да, түстен кейін еріп кетеді. Синоптиктердің айтуынша, биыл оңтүстікте қыс жылы болады.

Оқып және жауап берейік

3. Қарама-қарсы сөздерді тап.

жиі
еру
биыл
қыс
ұзақ
оңтүстік
желді
қалың

сирек
қату
былтыр
...
...
...
...
...

Сөйлесейік

4. Көршіңмен сөйлес. Ерік пен Айнұрдың телефон арқылы сөйлесуін көрсетіндер. Қоршаудағы сөздерді қолданыңдар.

Жиі, синоптиктердің айтуынша, сынап бағанасы, үнемі, жел тұрады, қалың, жұқа, түске дейін, түстен кейін, еріп кетеді, ұзақ, қысқа, оңтүстікте, батыста.

Ойнайық

5. «Сымсыз телефон» ойынын ойнаңдар. Күн райына байланысты сөздерді бір-біріңе сыбырлап айтыңдар.

жаңбыр




Ойланайық

6. Кестедегі сөз тіркестерін оқы. Суретке қарап, мағынасын түсіндір.

жаңбырға дейін	жаңбырдан кейін
қысқа дейін	қыстан соң
таңертеңге дейін	таңертеңнен кейін
кешке шейін	кештен кейін
қар ерігенге шейін	қар ерігеннен соң
	таңертеңнен бері
	жаңбыр болғаннан бері



....	
ауылға дейін	ауылдан кейін
орманға шейін	орманнан кейін
жолға дейін	жолдан әрі
көшеге шейін	көшеден соң



! Есте сақтайық

Шейін, дейін,
кейін, соң, әрі

1. Уақытты, мерзімді білдіреді.
2. Қашықтықты, белгілі бір заттың тұрған орнын білдіреді.

Жаттығайық

7. Сұрақтарға жауап бер.

Аспанда кемпірқосақ қай кезде болады?

Мектепте қанша уақыт боласың?

Үйге дейін қанша минут жүресің?

Қар жауғаннан кейін күн қандай болады?

Қыстан соң қай мезгіл келеді?

Қай кезде көктем басталады?

Қай уақытта құстар ұшып келеді?

68

ҚЫСҚЫ ОЙЫН

Қыста ойналатын ойындар туралы оқысың.
Сөздік қорыңды дамытасың.

шана
шаңғы
тоңу
мұз
аққала
қырау

Жаңа сөз үйренейік



шана




тоңу



аққала



мұз



шаңғы



қырау

Көрсетіп және айтайық

1. Сөйлемдерді оқы. Сөйлемдердің қайсысы келесі беттегі суретке сөйкес келетінін анықта.

1. Менің шанам зулап келеді.
2. Шаңғы теуіп жүрмін.
3. Тоңдың ба? Үйге қайтайық.
4. Аққала жасау оңай ғой.
5. Менің коньки тепкім келеді.



6. Қараңдар, мәнерлеп сырғанай білемін.
7. Иә, терезені қырау басқан. Аяз өте күшті.
8. Мұздан үйді қалай салады?
9. Асықпай қайтала, құлап қаласың.

Сөйлесейік

2. Берілген сөздерді пайдаланып, сурет бойынша әңгіме құрастыр.

Төбешіктен сырғанау, шаңғы, тоңу, мұз, аққала жасау, қырау, үйрету, мәнерлеп сырғанау, қарды домалату.

Оқиық

3. Әңгімені түсініп оқы. Өзің құрастырған әңгімеден қандай айырмашылығы барын айт.

Мен күн сайын орталық алаңға барып ойнаймын. Бүгін күн аяз, бірақ жел жоқ. Мүлде тоңған жоқпын. Бүгін бір өзім екі аққала жасадым. Маған бәрі сәулетші Мерхат деп ат қойыпты.

Алаңда басқа да балалар ойнап жүр. Көрші Марат пен Жанат шанамен сырғанап жүрді. Ал кішкентай Лида мұз қалашықтың қасында ойнап жүрді. Аяздан беті қыпқызыл болыпты. Көрші әжей де мектептің алдында серуендеп жүрді. Шаңғышы Тимурға қызықтап қарап тұрды. Фабит ағай балаларға мәнерлеп сырғанауды үйретіп жүрді. Алаңда уақыт тез өтеді әрі көңілді болады. Алаңда ешкім тоңбайды.

Жаттығайық

4. Сөйлем құра.

Мен, бен, пен, да, де, та, те, әрі, және.

Үлгі: Ағам мен апам шаңғы тебеді.

69

Күн райын бақылайық

Аптадағы күн райы туралы өлеңді оқисың.
Телефон хабарламасын жазасың.

тұман
бұршақ
тайғақ
моншақ
абайла

Жаңа сөз үйренейік

1. Өткен аптаны есіңе түсір. Күн райы қандай болды?
Суретпен сәйкестендіріп айт.



тұман



тайғақ



бұршақ



дүйсенбі сейсенбі сәрсенбі
бейсенбі жұма сенбі
жексенбі



Үлгі:

Менің ойымша, дүйсенбіде күн ... болды.

Менің ойымша, оның ойынша, мүмкін, дұрыс,
ұмытып қалдым, есіме түсті, нақты білемін.

Оқиық

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Д
Ү
Й
С
Е
Н
Б
І

Абайла, балақай,
Далада ойнама.
Адасып кетесің,
Көк тұман айнала.

С
Е
Й
С
Е
Н
Б
І

Бүгін де жел соқты,
Ақ боран борайды.
Қаланы, ауылды,
Ақ қарға орайды.

С
Ө
Р
С
Е
Н
Б
І

Жүр, тысқа, балақай,
Табиғат тұр жайнап.
Аққала соғамыз,
Ақ қардан бір ғажап.

Б
Е
Й
С
Е
Н
Б
І

Жел кетіп, бұлт келді
Жаңбырын жетелеп.
Бұршағын төккені
Моншақтай себелеп.

Ж
Ү
М
А

Абайла, балақай,
Жер беті көк тайғақ.
Шананы қайтесің,
Конькимен сырғана.

С
Е
Н
Б
І

Күн ашық кеше де,
Күн ашық бүгін де.
Қолайлы табиғат
Шаңғыны тебуге.

Ж
Е
К
С
Е
Н
Б
І

Қолайлы табиғат
Атысып ойнауға.
Қолайлы табиғат
Аязда тоңбауға.

Н. Дәулеткереева

3. Кестені толтырып жаз. Апта бойында табиғат қалай өзгерді?

дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі	жексенбі

Ізденейік

4. а) Ғаламтордан алдағы аптаның күн райы болжамын қара. Телефонмен туыстарыңа хабарлама жаз.

Үлгі:

Туыстар, көршілер, достар!

Ертең күн райы ... болады. ... киініңіздер. ... айтуынша сынап бағанасы таңертең ... көрсетеді. Ал кешке ... көрсетеді. Баршаңызға сәтті күн тілеймін!

Ойнайық

5. Топқа бірігіңдер. Заттарды жұмбақтап түсіндіріңдер.



Жұмбақтың құрылымы:

Қандай?	Қандай?	Қандай?	Не?
---------	---------	---------	-----

Үлгі:

Көк, қызыл, сары, жылы киім. Ол не?

Жылтыр, салқын, тайғанақ, қатты жер. Ол не?



70

Ғажайып қыс

Қыс туралы жазып үйренесің.

сүңгі
мұзайдын
сырғанақ
тебу

Жаңа сөз үйренейік



мұзайдын



сүңгі




сырғанақ тебу

Ойланайық

1. а) Сөз тіркесін жаса. Берілген сөздерді қолдан.

Үлгі:



2. ә) Берілген сөздерден сөйлем құра.

1. Қыста, түседі, ерте, қараңғы.
2. Аппақ, болады, қыста, айнала.
3. Аязды, күндер, болады, көп.
4. Қыста, қырау, болады, әдемі, өте.

5. Шатырдағы, тым, қауіпті, болады, сүңгілер.
6. Мұзайдында, тебеді, сырғанақ.
7. Таза, болады, ауа, қыста.
8. Ұнайды, маған, аяз, сықырлаған.

Жаттығайық

3. Аса, тым, өте сөздерін қатыстырып, берілген сөздермен сөйлем құра.

Жылы, желді, ұзақ, қысқа, жоғары, кеш, жарық, тыныш.

! Есте сақтайық

өте	салқын
аса	
тым	

Сөйлесейік

4. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.
Қоршауда берілген сөздерді қолданып сөйле.

1. Қыста сен үшін не әдемі?
2. Қыстағы табиғат қандай?
3. Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?
4. Қыста болатын спорттық жарыстарды атай аласың ба?
5. Қысты не үшін ұнатасың немесе ұнатпайсың?
6. Қыс мезгілі болмағанын қалар ма едің?
7. Қыстың адамға пайдасы қандай?

Таза ауа, әдемі, аппақ, боран, аяз, жел, қатал, қатты, ұзақ, қысқа, шаңғы, шана, сырғанақ, мұзайдын, сүңгі, жапалақ қар, шырша, Аязата, жаңа жыл, мезгіл, таң, кеш, қараңғы ерте түседі, жарық, сынап бағанасы.

Жазайық

5. Құрылымды қолдан. «Қыс ғажайыбы» деген мәтін жаз. Қоршаудағы сөздерді қолдан.

Қыс ғажайыбы

Қыс – ғажайып мезгіл. Оның табиғаты ерекше сұлу. ...



Қорыта айтқанда, қыс маған өте ұнайды. Қыс мезгілін жыл сайын асығып күтемін.

Талқылайық

6. Жазғаныңды көршіңе көрсет. Қателеріңді бірлесіп түзеңдер. Жазған шығарманы қабырғаға іл. Өзгелердің жазылымын бағала.

71

Қыстағы аңшылық

Қысқы мезгілдегі аңшылық кәсіп туралы оқисың.
Аң аулауға қолайлы табиғат туралы жазасың.

аңшы
бүркітші
аңшылық
аң аулау
құлақшын
қашу

Көрсетіп және айтайық

1. Суретке қара. Қоршауда берілген сөздерді суреттен тап.



Сөйлесейік

2. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Аңшы дегеніміз кім?
2. Аңды қалай аулауға болады?
3. Бүркітші дегеніміз кім?
4. Аңға шыққан адам қандай қару алады?
5. Аңшылар аңға шыққанда қандай киім киеді?

Оқиық

3. Мәтінді оқымас бұрын суретке қара. Мәтін не туралы болуы мүмкін? Болжап айт.



Аңшы ауыл қызықтары

Кеше кешке басталған қар түнге дейін жауды. Ағашты, үйді аппақ қар жапты. Әкем, мен, ағам, көрші ағайлар – бәріміз ең мықты әрі жүйрік аттарға міндік. Мен екінші рет аңға шықтым. Қасымызда тазы итіміз бар. Күн жып-жылы, айнала тып-тыныш. Жаңа жауған қардан түлкі, қоян сияқты аңдардың ізін оңай байқадық. Көп кешікпей аңдарды да көрдік. Бүркіттің томағасын шешіп, ұшырдық. Тазы иттер де қояндарды қуды.

Біз бес қоян, үш түлкі ұстадық. Бүркіт пен тазы сондай күшті әрі епті. Қашқан аңды тез ұстайды. Қыста аң аулау өте қызық.

Оқып және жауап берейік

4. а) Сұрақтардың жауабын мәтіннен тап.

1. Аңдарды аңшылар қалай тапты?
2. Аңшылардың қасында қандай үй жануары бар?
Оның аңшыларға қандай көмегі бар?
3. Бүркітші бүркітін қашан ұшырады?
4. Аңшылар қандай аңдарды аулайды?

ө) Сөйлемдердің жалғасын келесі бағаннан тап.

Аңшылар аңға шыққанда	айғайлап, аңды қорқытады.
Аңшылар аң аулағанда	қолдарына қару алады, жүйрік атқа отырады, жылы киім киеді.
Аңшылар қар жауғанда	айнала аппақ болады.
Аңдар қашқанда	аңға шығады.
Қар жауып болғанда	тазы иттер оларды қуады.

Жазайық

5. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Аңшылар қай кезде аңды тез көре алады?
2. Аңшылар қай кезде жүйрік атқа отырады, қолдарына қару алады?
3. Қай кезде аңдар із қалдырады?

72

Айналаны салыстыру

Айналаны, заттарды, адам мінездерін салыстырып айта білуге үйренесің.

Тыңдайық

1. Мәтінді тыңда, жүргізіп оқы. Қарамен берілген сөздерге қарап, ереже құрастыр.

Жантөре: Жайна, саған қандай жыл мезгілі **көбірек** ұнайды?

Жайна: Әрине, көктем **көбірек** ұнайды.

Жантөре: Не себепті көктемді бәрінен **артығырақ** көресің?

Жайна: Өйткені көктем қысқа қарағанда **жылырақ**, ал жазға қарағанда **салқынырақ**.

Жантөре: Меніңше, бәрінен күз мезгілі **жақсырақ**. Ыстық та емес, салқын да емес. Бәрінен бұрын, күзде бау-бақша піседі. Айнала сары алтындай болады. **Тезірек** күз болса екен.

! Есте сақтайық

Сөз соңында	А, ы, і, е	-рақ/-рек	жаңарақ кішірек
	қалған жағдайдың бәрінде	-ырақ/ -ірек	салқынырақ тереңірек

Жаттығайық

2. Сөздерге қосымшалардың бірін жалға.

Үлгі: Менің суретім әдемірек. Бұл жердің табиғаты қаталырақ.

! Назар аударайық

көп	көбірек
көк	көгірек
ақ	ағырақ
ашық	ашығырақ
жазық	жазығырақ

1. Менің суретім (әдемі). 2. Бұл жердің табиғаты (қатал). 3. Бұл жердің тауы (биік). 4. Менің інім (кіші). 5. Мына су (таза). 6. Құдықтың суы (салқын). 7. Біздің көшеміз (үлкен). 8. Өзеннің мұзы (қалың). 9. Осы жерге Бурабай (жақын). 10. Ойын алаңы (кең) екен. 11. Қысқы ойын (көңілді). 12. Шаңғы тебу (қызықты). 13. Күн райы бақша егуге (қолайлы). 14. Менің панам (жаңа). 15. Сенің ағаң (мейірімді). 16. Сіздің орманыңыз (жасыл). 17. Біздің даламыз (жазық).

! Есте сақтайық

3. Сөйлем құрап жаз.
1. Кешеге қарағанда бүгін күн салқынырақ.
 2. Ағама қарағанда мен кітапты жайырақ оқимын.
 3. Сенің үйіңе қарағанда менің үйім алысырақ.

Көрсетіп және айтайық

4. Суреттерді салыстыр. Үш сөйлемнен құра.

Үлгі:

а) Күзге қарағанда көктемде күн жылырақ болады.



ә) Қалаға қарағанда ауылда қыс қаттырақ болады.



б) Жылқыға қарағанда есек жайырақ жүреді.



Ойланайық

Неге?

- ...қа
- ...ке
- ...ға
- ...ге
- ...а
- ...е

қарағанда

Не?

- ...
- ...
- ...
- ...
- ...
- ...

Қандай?

- рақ
- рек
- ырақ
- ірек

73**Алматы мен Астана**

Екі аймақтың күн райын салыстырып айтуды және жазуды үйренесің.

Көрсетіп және айтайық

1. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алматы қаласы қандай аймақта орналасқан?
2. Алматыда жаз қандай болады? Жаңбыр жиі жауа ма?
3. Алматының жазы қыдыруға қолайлы ма? Ашық күндер көп пе әлде бұлтты күндер көп пе?
4. Алматыда қыс қандай болады? Жылы ма әлде салқын ба? Қар қалың жауа ма әлде жұқа жауа ма?

Алматы қаласы

Оқиық

2. Алматы қаласы туралы мәтінді оқы. Толықтыр. Көршіңмен салыстырып тексер.

жұқа

жел

таулы

жылы

қолайлы

жаңбыр

ашық

Алматы₁ ... аймақта орналасқан. Сол себепті бұл аймақта₂ ... қатты соқпайды. Алматының ішінен «Алматы» өзені ағып өтеді. Алматының жазы₃ ... болып келеді. Табиғатта демалып, қыдыруға өте₄ Сондай-ақ жазда Алматыда₅ ... жиі жауады. Алайда жер тез кебеді. Бұл аймақта бұлтты күндерге қарағанда₆ ... күндер көбірек болады. Алматының қысы да жылы. Бұл жерге қар₇ ... түседі.

Сөйлесейік

3. Суреттерге қара. Алматы қаласы туралы мәтінді басшылыққа алып, Астана қаласы туралы мәтін құрастырып айт.

Астана қаласы





Ойланайық

4. Алматы мен Астананың күн райын, табиғатын салыстырып айт. Суреттерді басшылыққа ал.

Айтылым үлгісі:

Менің білуімше, Алматы таулы аймақта орналасқан. Ал Астана жазық далада орналасқан. Сол себепті Астананың ауасы Алматыға қарағанда тазарақ болып келеді.



Менің ойымша, Астанаға қарағанда Алматыда жел баяуырақ соғады. Өйткені Алматы таудың ортасында тұр.



74

Қайталау

Күн райы болжамы туралы тыңдағанымды түсінемін.

1. Бос орынға тиісті сөзді қойып оқы.


Ертең Семейде күн ... болады. ... күндіз +18 градусты көрсетеді, түнде сәл ... болады. Ауа температурасы +4 градусты көрсетеді, ... жаумайды.

Өскеменде күн ..., сынап бағанасы – +15 градус. Сол түстіктен аздаған ... соғады. Жаңбыр жаумайды. Түнде +13 градус ... болады.

Керекті сөздер: жел, салқын, ашық, жылы, жаңбыр, сынап бағанасы, бұлтты.

Күн райына байланысты сөздерді білемін.

2. Күн райы қандай? Бос орынға жаз.



Сөздерді

таңдап қолдан

ашық
жылы
бұлтты
салқын
суық
өте суық
аяз
ыстық
тым ыстық
жел
қырау
мұз
боран
найзағай

Күн райын сипаттай аламын.

3. а) Сөйлем ойлап жаз.

Қолайлы күн райы	Бүгін аспан ашық
Қолайсыз күн райы	

ә) Кейін, шейін, дейін, бері сөздерін қолданып, сөйлем құра.

Үлгі: Жаңбырдан кейін кемпірқосақ шықты.

Кешке шейін алаңда ойнадым.

Сөздің мағынасын күшейтіп айта аламын және жаза аламын.

4. Қарамен берілген сөздерді күшейтіп айт және жаз.

Мен бүгін ерте тұрдым.	Мен бүгін еп-ерте тұрдым.
Кешке күн ашық болды.	
Биыл жаз суық болды.	
Жаңбыр тез кеуіп , жер құрғақ болды.	

Қыс мезгіліне қатысты сөздерді білемін және қолдана аламын.

5. а) Сөздерді дәптеріңе жаз.

1. м

6. с

2. қ

7. а

3. ш

8. с

4. б

9. т

5. с

10. қ

ә) Суретке қара. Қыс мезгіліндегі табиғат туралы жаз.

Үлгі: Қыс мезгілі өте сұлу. Айналаны аппақ қар басады.



75

Менің білуімше...

Екі аймақтың табиғатын салыстырып жазуды үйренесің.

құбылмалы мекен өзгеру

Оқып және жауап берейік

1. Алматының табиғаты туралы кестемен таныс. Бос орынды толықтыр.



Ойланайық

2. Өткен сабақты есіңе түсір. Астананың табиғаты туралы кесте дайында.
Алматы туралы кестені басшылыққа ал.

Сөйлесейік

3. Астана туралы айтыңдар. Үлгіні қолданып сөйлеңдер.

Үлгі:

Біз кесте бойынша Астана қаласының табиғатын сипаттадық.

Біздің білуімізше, Астана ... аймақта орналасқан.

Біздің ойымызша, Астана маңында ... өседі.

Ғалымдардың айтуынша, бұл жерде ... бар.

Астананың жазы ...

Астананың қысы ...

Болашақта Астананың күн райы өзгереді деп ойлаймын.

Өйткені ...

Ойланайық

4. Өзің жасаған кестені қалай мәтінге айналдырасың? Оның құрылымын тағы да мұқият қара. Онда не жазатыныңды ойла.

Жаттығайық

5. Сөйлемдерді оқы. Кесте бөліктерін орнын ауыстырып, көрсетілген ретпен орналастыру.

Менің білуімше, Астана мен Алматының табиғаты екі түрлі.

Алматы таулы аймақта орналасқан болса, Астана жазық дала аймағында тұр.

Алматының айналасында тау бар. Ол қаланы желден қорғайды. Ал Астананың айналасында орман немесе таулар жоқ. Сол себепті жел мұнда күшті болады.

Қорыта айтқанда, екі қаланың да табиғаты сұлу. Маған екі қаланың да табиғаты аса ұнайды. Бұл қалалар – әлемдегі ең ғажайып мекендер.

Жазайық

6. «Қос қала табиғаты» тақырыбында эссе жаз.



76

Халықтық болжам

Халықтық болжамдар туралы оқисың.
Салыстыру мағынасында да сөйлем құрап жазасың.

найзағай
шық
құрғақ
тышқан
ін
күркіреу

Жаңа сөз үйренейік

1. Суреттегі жануарлар мен құстардың атауын жаттап ал.



бозторғай




көртышқан



қарға



шегіртке



найзағай



жұлдыз

Ойланайық

2. Қарсы мәндес сөзді тауып айт.

қыр	қалың	дымқыл	аз	ұзақ	жұмсақ	жақын

! Есте сақтайық

Егер сөз соңында	к, қ, ш, п, с	-тау/-теу	тіктеу, құрғақтау
	а, ы, і, р, у, й	-лау/-леу	жұқалау, кішілеу
	л, м, ң, з	-дау/-деу	тереңдеу, қалыңдау

Оқып және жауап берейік

3. Мәліметті оқып, оған сәйкес суретті тап.

	Көртышқан ін қазғанда топырағын жақын үйсе, қыс қатты болады.		Мысық айналаны тырналаса, күн боран немесе жаңбыр болады.
Шық қалың түссе, шөп қалың өседі.		Бозторғай ұясын ой жерге салса, жаз құрғақ болады.	
	Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңіне ыстық болады.		Ай шалқалаптуса, күн райы мал-жанға жайсыз болады.
Жасыл шегіртке көбейсе, жаз құрғақ болады.		Қарға топтасып қарқылдаса, күн райы бұзылады.	
	Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болады. Жаз найзағайлы болса, қыс жылы болады.		Аспанда жұлдыздар көп болса, күн жылы болады.
Дала тышқандары топ болып шөп жинаса, жақында жауын-шашын болады.		Жылқы жазда ыққа қарап жайылса, қыс қатты болады.	

Жаттығайық

4. а) Сөздерге тиісті қосымшаны жалға (-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу).

қараңғы	аласа	ашық
терең	биік	аяз
жұқа	ой	дымқыл
қалың	қыр	құрғақ
суық	төмен	тұман

ә) Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, сөйлемді аяқта.

Дала тышқаны көртышқанға қарағанда кішкентай

Ай жұлдызға қарағанда жақын

Жылқы сиырға қарағанда тез

Найзағай дауылға қарағанда қорқынышты

Қыстың күні жаздың күніне қарағанда қысқа

Жазайық

5. Суретке қарап, күн райы туралы болжам жаз.



Мысық төрт аяғын бауырына жинап ұйықтаса, ...



Мысық аяғын жазып ұйықтаса, ...



Мысық үйден шықпай, көңілсіз жүрсе, ...



Мысық ойнап жүрсе, ...



Мысық шалқасынан жатса,

Ізденейік

6. Ғаламтордан халық болжамына екі мысал іздеп тап. Сыныптас-тарыңа айтып бер.

77

Көктемгі құбылыстар

Көктем туралы өн тыңдайсың.
Жаңа сөздерді қолданып, көктем мезгілі туралы жазасың.

былтыр
тағы
табиғат
оянады
жылға
су ағады

Ойланайық

1. Сөздерді оқы. Олардың қай жыл мезгілін сипаттайтынын айт.

Қар
ериді.

Күн
ұзарады.

бөйшешек

Табиғат
оянады.

Өріске
шығады.

жаңбырлы

Мал
төлдейді

Жылғадан
су ағады.


Жаңа сөз үйренейік



бұршік ату



алмаағаш



үйрек



жылға



қаз



күннің нұры



қарлығаш



бәйшешек

Сөйлесейік

2. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Саған көктем мезгілі несімен ұнайды?
Көктем кезінде табиғат қалай өзгереді?
Көктем мезгілінде қараңғы ерте түсе ме?
Табиғаттың оянғанын қайдан білеміз?
Көктемде қар неліктен тез ериді?
Ең алғаш шығатын гүлді қалай атаймыз?

Тыңдайық

3. Әнді тыңда, толықтыр.

Көктем келді

Әні мен сөзі: Бота Бисенованікі.

... келді, көктем келді, сағына,
Бүршік атты ... бағымда.
Біздің үйге ... салды, алақай!
Былтыр кеткен ... тағы да.

... гүлге оранады,
 Түрлі түске боянады.
 Нұрлы көктем келген кезде
 ... та оянады.
 Көктем келді, көктем келді, далама,
 Қуанып жүр ... да, бала да.
 Қар-мұз еріп, жылғалардан ... ағып,
 ... - ... жайылып жүр жағада.

Тыңдап және жауап берейік

4. Өлеңді қайталап тыңда. Болып кеткен іс-әрекетті және енді болатын іс-әрекетті білдіретін сөздерді тап.

Үлгі: Көктем келді.
 ...

Дала гүлге оранады.
 ...

Жаттығайық

5. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып оқы.

1. Дала гүл... оранады.
2. Көктем... күн ұзарады.
3. Қаз бен үйректер өзен жағасы... жайылады.
4. Қардың асты... алғашқы бөйпешектер өсіп шығады.
5. Көктемде жылы жақ... құстар ұшып келеді.
6. Бұл кезде күн... нұры жерге көп түседі.
7. Ағаштар... бүршіктерінен жапырақ өсіп шығады.
8. Қыстағы қар еріп, жылғалар... су ағады.
9. Бақ... көшеттер отырғызамыз.
10. Көктемде қарлығаш... күтеміз.
11. Алмаағаш... гүлдері ақ болады.
12. Біз көктем... сағынамыз.
13. Аспан... үнемі ақ бұлттар жүзеді.
14. Дала.. жасыл кілем төселеді.
15. Орман.. құстар ән салады.
16. Адамдар жұқа киім киеді. Табиғат... көп уақыт өткізеді.

Жазайық

6. Әр абзацты жалғастырып жаз. Көктем мезгілін сипатта.

Көктемде күн жылынады.

Күн райы қалай өзгеретіні туралы жаз.

Көктемде табиғат оянады.

Ағаштар мен гүлдер туралы жаз.

Көктемде айнала көңілді болады.

Құстар мен жануарлар және адамдар туралы жаз.

Оқиық

7. Өлеңді мәнерлеп оқы. Не туралы айтылған?

Көктем келді

Көктем келді, көктем келді, сағына,
 Бүршік атты алмаағаштар бағымда.
 Біздің үйге ұя салды, алақай!
 Былтыр кеткен қарлығаштар тағы да.
 Дала гүлге оранады,
 Түрлі түске боянады.
 Нұрлы көктем келген кезде
 Табиғат та оянады.
 Көктем келді, көктем келді, далама,
 Қуанып жүр ата-ана да, бала да.
 Қар-мұз еріп, жылғалардан су ағып,
 Үйрек-қаздар жайылып жүр жағада.

күннің нұры

бәйшешек

78

Жау-жау, жаңбыр

Жаңбыр туралы ән тыңдайсың.
Жаңбырлы күн туралы сипаттау мәтінін жазып
үйренесің.

қолшатыр
гүлдеу
тағы
тамшы
көктеу
сағыну

Жаңа сөз үйренейік



қолшатыр



гүлдеу



көктеу



тамшы

Көрсетіп және айтайық

1. Сөйлемдерді оқы. Суретпен салыстыр.
«Иә», «жоқ» деп жауап бер.

1. Суретте қыс мезгілі бейнеленген.
2. Қыздың қолында қолшатыр бар.
3. Қыз жаңбырды ұнатады.
4. Күннің сәулесі түсіп тұр.



Сөйлесейік

2. Берілген сұрақтарды көршіңмен талқыла.

1. Саған жаңбырлы күн ұнай ма?
2. Жаңбырлы күні сыртқа шығасың ба?
3. Жаңбырлы күнде көңіл күйің түсе ме?

Ән салайық

3. Әнді хормен айтыңдар.

Жау-жау, жаңбыр

Әні мен сөзі: Бота Бейсенованікі

Келді, міне, көктемім,
Жердің жүзі көктеді.
Ақ жаңбырды сыйлады,
Ақша бұлттар көктегі.

Қайырмасы

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!
Мөлдіреген тамшыларың.
Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!
Табиғаттың сәні.

Жаушы жаңбыр тағы да,
Күттік сені сағына.
Кірсін жердің сәні де,
Топырақтың нәрі де.

Тыңдайық

4. Сөйлемдерді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сөйлеп тұрған адамдардың есімдерін анықта.
2. Жаңбырды кім ұнатады немесе ұнатпайды?
3. Ұнайтын себебі немесе ұнамайтын себебін біл.



а)



ә)



б)

Қоңырау шалған адамдар	а – б суреттер	ұнатады/ұнатпайды	себебі

Тыңдап және жауап берейік

5. «Иә», «жоқ» жауабын таңда.

1. Майра жаңбырды ұнатады. Ол жаңбырлы күні сыртқа шығады.

2. Әсия жаңбырды ұнатпайды. Жаңбырлы күнде оның көңіл күйі түседі.

3. Алтынай көңілсіз. Оның ағасы оқуға кетті. Ол оны қатты сағыныпты.

4. Тұрар аға жаңбырды ұнатпайды. Одан Зейнеп толық жауап ала алмады.



Майра



Әсия



Алтынай



Тұрар аға

Жазайық

6. Тыңдағаның бойынша мәтінді толықтырып жаз.

Студияға бірінші болып ... телефон соқты. Оған ... күн райы ұнамайды. Өйткені ол ... жақсы көреді. Оның сұрауы бойынша ... әні қойылды.

Кім?	ол
Кімге?	оған
Кімнің?	оның
Кімді?	оны
Кімнен?	одан
Кіммен?	онымен

79

Дауылдан қорықтым

Демалыс орнының табиғаты туралы оқисың.
Демалыс орнын сипаттап жаза білуге үйренесің.

дауыл
қатты
қорқу
толқын
жағажай
теңіз
жартас

Ойланайық

1. а) Суретке қара. Не көріп тұрғаныңды айт. Өзің білетін сөздерді қолдан.



ә) Қоршаудағы сөздерді оқы. Кестеге бөліп сал.

Бұйра, теңіз, құм, сүңгуір, кеме, таза,
жартас, толқын, сегізаяқ, ағаш, арал.

жағажай	капитан	дельфин	тайыз	қайық

Сөйлесейік

2. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.
1. Саған теңіз ұнай ма?
 2. Сенің аймағыңда теңіз бар ма?
 3. Теңіз жағасында жиі демаласың ба?
 4. Аралда тұрғың келе ме?

Оқиық

3. Мәтінді шолып оқы. Жалпы не түсінгеніңді айт.

Биыл теңіз жағасында демалып қайттым. Теңіз жағасы өте әдемі болды. Жартастың қасына, ағаштардың саясында, жағажайда суретке түстім. Алғашқы 5 күнде күн райы керемет болды. Күн сайын теңізге шомылдым, күнге қыздырындым. Теңіздің жағасында аппақ құм. *Арасында*



Ринат

тұздар да жылтырайды. Соңғы үш күнде күн райы күрт өзгерді. Қатты жел тұрды, дауыл соқты. Теңізде үлкен толқындар пайда болды. Сёрфинг тебетін спортшылар ғана теңізде жүр. Олар мүлде қорықпайды.

Мен соңғы күндері теңіз жағасына бармадым. Қатты тоңдым. Теңізден қатты жел соғады екен. Ал кейін дауыл тұрғанда тіпті қорықтым. Дауылды күндері жағажай бос болады.

Жауап берейік

4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ринат қайда демалды?
2. Демалыс орнының табиғаты қандай?
3. Теңіздің айналасында не бар?
4. Жел тұрғанда теңізде не пайда болды?
5. Ринат соңғы күндері неліктен жағажайға бармады?
6. Соңғы уақытта жағажай не себепті бос болды?
7. Ринат неден қатты қорықты?

Жазайық

5. Өз демалысың туралы жаз. Ұсынылған жоспарды басшылыққа ал.

1	Демалыс мезгілі қай уақытта болды?
2	Демалған жер көрікті болды ма?
3	Аймақтың күн райы қандай?
4	Не ұнады/ұнамады?
5	Не білдің/көрдің?

Үлгі:

Мен биыл шілде айында Алакөлде демалдым. Ол жердің табиғаты өте сұлу. Ол жерде ..., ..., ... бар. Аймақтың күн райы да жағымды. Таңертең күн жылы, түсте өте ыстық. Ол жерде ағаш көп. ...

80

Қауіпті мекен

Табиғат туралы оқысың.
Табиғи ерекшелікті сипаттап жаза білуге
үйренесің.

қауіпті
жанартау
жылан
көне
тайпа
құпия

Ойланайық

1. а) Аралда не бар деп ойлайсың? Тізімін жаса.

Үлгі: жартас, ағаш, ...

ә) Аралда қандай жабайы жануарлар болуы мүмкін? Тізіп айт.

Үлгі: арыстан, жолбарыс, ...

Жаңа сөз үйренейік

Сөздердің суретін тап.



тайпа

жанартау

орманды алқап

жылан

Оқиық

2. Мәтіндерді түсініп оқы. Қауіпті және қауіпсіз аралдарды анықта.

а) Біздің аралда жабайы табиғат сақталған. Бұл жерде табиғи жылысу бар. Мұнда құпия жерлер көп. Аралдың орманды бөлігінде жабайы тайпалар өмір сүреді. Ол жер айрықша қорғалады. Бұл аймаққа туристер көп келмейді. Мұнда бір ғана қауіп бар. Су жиі көтеріледі. Толқын үйлерді құлатады.

ә) Біз тұратын арал – ең қауіпті жер. Қазір мұнда туристер мүлде келмейді. Олар жыланнан, акулалардан қорқады. Кейбіреулер мұнда жанартау бар деп ойлайды.

б) Мен тұратын аралда дайвинг спорты жақсы дамыған. Өйткені бұл арал мұхиттың дәл ортасында орналасқан. Суасты әлеміне барсаңыз 150-ден астам балық түрін көресіз. Бізге туристер өте көп келеді.

Оқып және жауап берейік

3. а) Сөйлемдерді оқы. Қай мәтінге тиісті екенін айт.

Жабайы табиғат сақталған.


Мұнда жанартау бар деп ойлайды.

Ол жер айрықша қорғалады.

150-ден астам балық түрін көресіз.

Үлгі:

ә) Берілген сөздерді оқы. Сөз тіркесін жаса.



Сөйлесейік

4. Сөздерді оқы. Үлгіні пайдалана отырып сөйле. Не қауіпті? Не қауіпсіз?

ұлу	жылан	балық
жанартау	сегізаяқ	толқын
бүркіт	теңіз тасбақасы	жылқы
қасқыр	шаян	тазы ит

81**Жасанды мұхит**

Жасанды мұхит туралы мәтін оқысың.
Сандарды дұрыс оқуға және жазуға, айтуға
үйренесің.

тұз
су перісі
балдыр
мұхит
жасанды
қоңыр

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды оқы, көршіңмен талқыла.

1. Мұхит дегеніміз не?
2. Мұхиттың теңізден қандай айырмашылығы бар?
3. Мұхиттың суы қандай болады? Оны ішуге бола ма?
4. Мұхит астынан не көруге болады?
5. Жасанды мұхит жасауға бола ма? Қалай?

! Есте сақтайық**Қанша? Неше?**

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз.

Нешеу?

біреу	екеу	үшеу	төртеу	бесеу	алтау	жетеу
-------	------	------	--------	-------	-------	-------

Жаттығайық

2. Асты сызылған сөздерге сұрақ қой?

1. Мұхиттан салмағы алпыс килограмм акуланы ұстады.
2. Осы аймақта тоқсан екі кит өмір сүреді.
3. Мына акуланың баласы тек біреу.
4. Су перісінің қолы екеу болады емес пе?

Ойнайық


3. А және Ә оқушыға бөлініңдер. Өзге оқушының суреттерін парақпен жап. Үлгі бойынша сөйле.

Үлгі: Менің бірінші суретімде акула екеу. Сенің бірінші суретінде не бар?

А оқушы үшін:



Ә оқушы үшін:



Оқыық

4. Сұрақтарды оқы. Жауабын мәтіннен тап.

1. Океанариум дегеніміз не?

2. Қазақстанда океанариум қашан және қай қалада ашылды?

3. Бұл океанариум не себепті рекордтар кітабына жазылды?

4. «Думан» океанариумына қанша тонна мұхит құмы әкелінген?

5. Бұл жасанды океанариумға қанша литр су керек болды?

6. Океанариумда қанша теңіз жануары бар?

Оқып және жауап берейік

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

Океанариум – Қазақстанда ең алғаш ашылған жасанды мұхит. Ол 2003 жылы ашылды. Бұл жер табиғи мұхиттан шамамен 3000 километрге алыс орналасқан. Ол жазық даланың қақ ортасында тұр. Сол себепті оны рекордтар кітабына енгізген.



Оған 120 тоннадай мұхиттың табиғи құмы қолданылған. Океанариумға 3 000 000 литрдей су құйылған. Шамамен 2000 теңіз жануары әкелінген.

Ғажап көрініс! Су астынан түрлі балықтар мен өсімдіктерді көруге болады. Жасыл, қоңыр балдырлар су астында өсем жайқалады. Балықтармен бірге су перісі де ертегі елінде жүрген сияқты болады. Ол әзірге біреу ғана. Ең маңыздысы, мұнда дауыл ешқашан болмайды, жаңбыр жаумайды. Мұхит үнемі түп-тұнық болып тұрады.

Жазайық

6. Көршіңнің арқасына цифрды саусақпен жаз. Ол атап, осы санмен сөйлем құрасын.

82

Теңіз астында

Табиғат құбылыстары мен мекендерді салыстырып сипаттауға үйренесің.

терең
сүңгуір
теңіз түбі
маржан
үлу

Ойланайық

1. Суретке қара. Суретпен байланысты сөздердің тізімін жаса.

Үлгі:

терең	сүңгуір	сүңгиді
-------	---------	---------

Жаңа сөз үйренейік


2. Берілген сөздерді суретпен сәйкестендір. Бір суретті бірнеше рет қолдан.



а)



ө)



б)



в)

- | | | |
|-------------|------------------|-------------------------|
| 1. жарық | 5. терең | 9. жарық түсіреді |
| 2. қараңғы | 6. теңіздің беті | 10. теңіз тасбақасы |
| 3. бұлыңғыр | 7. теңіздің асты | 11. жақыннан көре алады |
| 4. мөлдір | 8. сүңгуір | |

Сөйлесейік

3. Сөйлемдерді оқы. Ұқсас сөйлемдер құрап айт.

1. Теңіздің астына **қарағанда** теңіздің беті жылы.
2. Құрлықтағы тасбақаға **қарағанда** теңіз тасбақасы жылдам.

Жаттығайық

4. Берілген сөздермен сөйлем құра.

Қызық, терең, тайыз, жарық, әдемі, бұлыңғыр, анық, мөлдір, жылдам.

Үлгі: Теңіздің асты құрлыққа қарағанда қызықтау.

Оқиық

5. Мәтінді тыңда. Жүргізіп оқы.

- Бауыржан сен не қарап отырсың?
- Мен сүңгуірлер туралы бейнефильм қарап отырмын.

Теңіздің асты құрлыққа қарағанда әлдеқайда қызықтау.

Былтыр жазғы демалыста сүңгуір спортымен айналысатын адаммен таныстым. Ол маған ұлудың сүйегін сыйлады.

– Рас па?!

– Мен теңіз туралы көп білемін. Теңіздің беті жылы болады. Егер сіз 200 метр тереңдікке түссеңіз, ол жерлерге күннің жарығы түсіп тұрады. Бұл жерді жарық белдеу деп атайды. Одан әрі 1000 метрге төмен түссеңіз, бұлыңғыр белдеу басталады. Көп нәрсені анық көре алмайсыз. Одан әрі 4000 метр тереңге түссеңіз, **ортаңғы белдеумен салыстырғанда қараңғылау** белдеу басталады. Ол жерге жарық мүлде түспейді. Одан әрі 6000 метрге тереңдесеңіз, теңіздің түбі жақын болады. Ол жер әрине **теңіздің ортасына қарағанда суықтау.**

Оқып және жауап берейік


6. Мәтіннен түсінгеніңді диаграммадан көрсет.

1. Қараңғы.

2. Бұлыңғыр.

3. Теңіздің түбі.

4. Жарық.



83

Орманды аймақ

Орманды аймақ туралы мәлімет оқисың.

бу/булау
құтқару
өрт
сарғаю
қашу
ауысу
қылқан
сөндіру

Сөйлесейік

1. Орманды аймақты сипаттап айт. Ол жер қандай болады?

Ойланайық

2. Қарсы мәнделес сөздерді тауып айт.

құрғақ	пайдалы	таза	жіі	терең
...

Жаңа сөз үйренейік



бу/булану



өрт



сарғаю



сөндіру



құтқару



қашу

Оқып және жауап берейік

3. Мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп оқы. Әр абзацқа сәйкес тақырыптарды анықта.

- а) Орман – адам мен жануарлар үшін қолайлы орта.
- ә) Орман өсімдіктері емге пайда.
- б) Орманға төнетін қауіп.
- в) Орман топырағының құрамы.

1. Орманды аймақтың табиғаты өте таза болады. Ормандағы өсімдіктердің **тамыры** өте тереңде жатады. Олар минералды заттарды жерден мол алады. Сол себепті олардың көбін емге қолданады.

2. Орман өсімдіктері суды көп **буландырады**, осылайша жан-жануарларға қолайлы орта жасайды. Мысалы, **қылқанды** ағаш жапырақтары **хош иіс** бөледі. Ол өте пайдалы. Ауадағы **зиянды** микробтарды жояды. Адамдар осы себепті **демалыс орындарын** орманның қасына салады.

3. Орман топырағы **ылғалды, құнарлы** болады. Оның құрамында жапырақ **шіріндісі** бар. Күзде жапырақтар алдымен сарғайып, одан соң қоңыр түске боялады. Кейін шіріп, қара топыраққа айналады.

4. Орманның ағаштары өте тығыз орналасады. Олар күн сәулесіне ұмтылып, өте биік өседі. Өрт болған жағдайда ұшақ, тікұшақтар өртті сөндіреді.

! Назар аударайық

Қолайлы – қолайсыз. Пайдалы – пайдасыз.

Сулы – сусыз. Құнарлы – құнарсыз.

Иісті – иіссіз. Орманды – ормансыз.

Жаттығайық

4. Үлгі бойынша жаз. **Пайдалы** – пайдасыз сөздерінің бірін пайдалан.

Үлгі: Мынау – өсімдік тамыры. Одан дәрі жасайды. Ол өте пайдалы.

1. **Сарғайған** жапырақ шіріп, топыраққа айналады. Бұл өте _____.

2. Ағаштарды **өрттен құтқару** керек. Өртті тез сөндіру керек. Олар _____ болып қалады.

3. **Өртенген** ағаш _____. Одан ештеңе жасай алмайсың.

4. Орманнан **өрт** шықса, жануарлар орнын ауыстырады. Ол жер _____, тіршілік етуге қолайсыз.

5. Жануарлар мен өсімдіктер _____ жерде тіршілік ете алмайды.

84

Қайталау

Халықтық болжамдарды білемін.

1. Сөйлемдерді толықтыр.

Жаз найзағайлы болса, қыс ... болады.

Дала тышқандары топ болып шөп жинаса, жақында ... жауады.

Мысық айналаны тырналаса, күн ... немесе жаңбыр болады.

Бозторғай ұясын ойыс жерге салса, жаз ... болады.

Аспанда жұлдыз көп болса, күн ... болады.

Мысық шалқасынан жатса, күн ... болады.

Көктем мезгілі туралы айтып бере аламын.

2. Диалогке қатыс.

А оқушының сұрақтары: Ә оқушының сұрақтары:

– Көктемде күн ұзақ бола ма әлде қысқа бола ма?
– Көктемде дала қандай болады?

– Көктемде жаңбыр жиі жауа ма?
– Көктемде табиғат қалай оянады?

Табиғат құбылыстарының атауын білемін.

3. Құбылыстардың атауын дәптеріңе жаз.



Д



Ж



Т



К



Т



Н

Заттарды санай аламын және жаза аламын.

4. Есепте. Жалпы санын айт.

а) Теңізден 7 теңіз тасбақасын көрдім. Әр тасбақаның қасынан 3 кішкентай тасбақадан көрдім. Барлығы неше теңіз тасбақасын көрдім?

ә) Орманнан жапырақ тердім. Оның үшеуі – сарғайған жапырақтар, ал екеуі – қоңыр жапырақ, тағы екеуі – жасыл жапырақтар. Барлығы неше жапырақ тердім?

Сөздердің қарама-қарсы мағынасын білемін.

5. Мағынасы қарама-қарсы сөздер айт.

құрғақ	терең	қараңғы
таза	жиі	жасанды
ашық	мөлдір	көне

-сыз, -сіз қосымшаларының мағынасын түсінемін.

6. Сөздерге тиісті қосымшаны жалға. Сөйлем құра.

құнар...	пайда...	жел...	бұлт...
қауіп...	су...	орман...	қолай...

Табиғат құбылыстары туралы тыңдаған мәтінді түсінемін.

7. Диктант жаз.

А оқушы

Сулы, орманды аймақтарда топырақ құнарлы болады. Ол жерге жаңбыр жиі жауады. Теңіздің немесе көлдің суы бу болып көтеріледі. Бұдан бұлт құралады.

Ә оқушы

Теңіздің бетінде су жылы болады. Теңіздің ортасында су салқындай бастайды. Ол жерге күннің шуағы, сәулесі түспейді. Теңіздің түбі мүлде қараңғы болады.

Табиғат құбылыстарын сипаттап және салыстырып жаза аламын.

8. Соңғы үш күн райын салыстырып жаз.

Үлгі: Алдыңғы күні бұршақ жауды. Кешеге қарағанда ұзақ жаумады. Кеше жаңбыр таңертеңнен кешке дейін ұзақ жауды....

алдыңғы күні	кеше	бүгін

85

Табиғат – ортақ үйіміз

Әңгіменің мазмұнын болжап оқисың.

киік
марал
қорғау
мал
дәрігері

Жаңа сөз үйренейік



марал



мал дәрігері



киік

Жаттығайық

1. Бос орындарға тиісті сөздерді қой.
1. ... – ірі жануар. Оның бойы киікке қарағанда ұзындау.
2. Менің әкем ... болып жұмыс жасайды.
3. ... – өте әдемі жануар.

Сен білесің бе?

Киіктің лағын құралай деп атайды.

Көрсетіп және айтайық

2. Суретке қара. Сурет бойынша әңгіме құрастыр
- Қажетті сөздер:* мал дәрігері, марал, киік.



1



2

Қорықпандар,
бұлар әлі күшік
қой!



3



4

Оқып және жауап берейік

3. Мәтінді ақ қағазбен жауып қой. Біртіндеп ашып оқы.

Біздер орманды алқапта тұрамыз. Мен мектепке көлікпен барамын. Бүгін үйге қонақ келеді. Әжем екеуміз бақшада дастарқан жайдық. Қонаққа кімдер келеді деп ойлайсындар?

Әнуар мен Сәулет – менің сыныптастарым. Оларды әкем мен ағам алып келді. Олар әлденеден қашып келеді. Балалар неден қорықты?

Киік пен маралдың лағы оларға емес әжеме жүгіріп келеді екен. Күн сайын олар осы шелектен су ішеді ғой. Бұл жануарлар неге мұнда жүр деп ойлайсындар?

Менің анам – мал дәрігері. Ол жараланған жануарларға көмек көрсетеді.

Ал менің әкем кім деп ойлайсындар?

Менің әкем – орманшы. Арғы аталарым да орманшы болған. Табиғатты қорғау – отбасымыздың ата кәсібі. Менің достарыма біздің отбасылық кәсібіміз өте ұнайды. Олар неге дастарқанға келмей жатыр?

Достарымды әкем үйден ертіп шықты. Олар кішкентай жолбарыстың күшіктерінен қорқыпты.

! Назар аударайық

Ата кәсіп – атадан балаға мұра болып қалатын өнер немесе еңбек.

Сөйлесейік

4. Сұрақтарды пайдаланып әңгімелесіңдер.

1. Балнұр қандай жерде тұрады?
2. Балнұрдың ата-анасы кім болып жұмыс істейді?
3. Балнұрдың үйінде қандай жабайы жануарлар бар?
4. Балнұрдың отбасын табиғат қорғаушылары деп айтуға бола ма?

86

Қорықта

Марал туралы оқысың.
Сандарды оқып, жазуға үйренесің.

қорық
мүйіз
еркін жүру
жайылу
қоршау

Ізденейік

1. Ғаламтордан, энциклопедиялық кітаптардан тауып оқы.

Маралдың салмағы қанша болады?

Бойының ұзындығы шамамен қандай болады?

Марал немен қоректенеді?

Марал қай кезде төлдейді?

Тыңдап және оқиық

2. Балнұрдың бейнесаяхатын тыңда, жүргізіп оқы. Ішінен таныс емес сөздерді тап. Көршіңмен талқыла. Сөздіктен ізде.



Бүгін анам екеуіміз тау жаққа келдік. Мұнда марал өсіреді. Бұл аймақта мұндай 8 шаруашылық бар. «Қатонқарағай» қорығында маралдар өте көп. Олардың салмағы 300 кг-ға дейін барады. Анам маралдарға сырға тағады.



Маралдар жазда еркін жүруді ұнатады. Олар жайылатын аймақты қоршап қойдық. Туыстарым оларды тікұшақпен бақылайды. Әрине, бұл оңай шаруа емес!



Мынау – маралдар тұратын қора. Бұл жерде олар қыста ғана тұрады. Жас төлдерді бөлек қамайды. Қыста бұл жануарларға дәрумендер қосылған жем беріледі. Олардың негізгі тамағы – шөп, жапырақ, жидектер, жаңғақтар мен саңыруқұлақтар.



Мынау – маралдың мүйізі. Бұл аса бағалы. 14–16 жастағы маралдың мүйізін өте қымбатқа сатады. Мүйізді жылына бір рет кеседі. Одан дәрі жасайды.

Тыңдап және жауап берейік

3. а) Мәтінді қайталап тыңда. Ғаламтордан тапқан мәліметіңді тексер.
- ә) Берілген сұрақтарды оқы. Мәтіндегі мәлімет туралы ойлан.

1. Маралдың құлағына неліктен сырға тағады?
2. Марал жайылатын аймаққа неліктен қоршау тұрғызады?
3. Қыста маралдарға неліктен дәрумендер береді?
4. Маралдың жасын қалай айыруға болады?

Сен білесің бе?

Әр бұғыдан 6-7 кг-ға дейін мүйіз алынады. Ол арнайы әдіспен қайнатылып кептіріледі. Одан пантокрин дәрісі алынады.


Ойнайық

1. Көршіңмен бинго ойна.

А оқушы



Ә оқушы



Ойланайық

2. Сұраққа жауап бер

Бингодағы ең үлкен сан қайсысы?

Бингодағы ең кіші сан қайсысы?

Ең үлкен санға дейін бингода қандай сандар аталмады?

Жазайық

3. Сандарды сөзбен жаз. Көршіңмен жазғаныңды алмастырып, бір-біріңді тексеріңдер. Тапсырманы дәптеріңе орында.

А оқушы

1	2433	50	81
16	38	546173	
19	48	667584	
7	23	44	6071
11	36	5963	85
9	3147		7483

Ә оқушы

	1725	435268	
2		37	566478
5	132935		86
	12	4953	7788
3	152230		76
	27	425867	87

87

Сұлулықты сақтайық

Киік туралы мәтінді тыңдап, нақты мәліметті табуға үйренесің.

Көп таңбалы сандарды қатесіз айтуға және жазуға жаттығасың.

Заттардың санын болжап айта алуға және жазуға үйренесің.

теке
ешкі
тұяқ
шөл
азаю
жойылу

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды сынып болып талқылаңдар.

Киіктер қандай болады?

Киіктердің дене түрпаты қандай?

Олар неге ұқсайды?

Олар несімен әдемі?

Олар қандай аймақтарда тіршілік етеді?



Жаңа сөз үйренейік

2. Сөйлемдерді оқы. Суреттен тауып көрсет.

Киіктің төлі – **лақ**.

Киіктің аталығы – **теке**. Оның мүйізі болады.

Киіктің аналығы – **ешкі**. Оның мүйізі болмайды.

Киіктер **тұяғымен** шөптің тамырын қазып жейді.

Тыңдап және жауап берейік

3. Мәліметті мұқият тыңда. Кестені толықтыр. Жазуға стикерді пайдалан.

Киіктің сақталған жері	Моңғолия мен Қазақстан
Тіршілік ететін аймақ	шөл және дала
Текелердің бойы	
Текелердің салмағы	37–49кг
Ешкілердің бойы	109–127 см
Ешкілердің салмағы	
Текенің айырмашылығы	мүйізі бар
Ешкінің айырмашылығы	
Төлдейтін уақыты	
Пайдасы	Еті дәмді, терісі әдемі, мүйізі мен тұяғы – дәрі.
Қызыл кітапқа енген жылы	
Қорғауға жұмсалатын қаржы	200 000 000 теңге

Жаттығайық

4. а) Мәтінді қайталап тыңда. Болжау мағынасында қолданылған сандарды теріп жаз.
 ө) Сөйлем мағынасын ауызша түсіндір.

Үлгі:

Текелердің бойы 26–150 сантиметрдей. *Бұл – текелердің бойының ұзындығы 126 см мен 150 см арасында деген сөз.*

1. Текелердің салмағы 37–49 кг шамасында.
2. Ешкілердің бойы 109–127 см шамасында.
3. Ешкілердің салмағы – 22–37 кг.
4. Киіктерді қорғауға шамамен екі жүз миллиондай қаражат бөлінген.

❗ Есте сақтайық

тай/тей	Жас киіктердің саны қырықтай болады.
дай/дей	Сырғасы бар киіктер шамамен отыздай болады деп ойлаймын. Оның бойы мүмкін 9 см-дей болар.

жуық	Киіктердің 115-ке жуық түрі бар.
шақты	Тау етегінде 100 шақты киік жайылып жүр.
шамамен	Біздің қорықта шамамен 500-дей киік төлі бар.

Ойнайық

5. Сұрақтарға жауап бер. Сандарды болжап айт.

		Әр бұғыдан қанша килограмм мүйіз алынады?
	Текелерде неше мүйіз болады?	Маралдың салмағы қанша болады?
	Киікті қорғауға шамамен қанша ақша бөлінеді?	Ешкілердің салмағы қанша?
Шамамен неше лақ көтере аласың?	Текелердің салмағы қанша болады?	

Сен білесің бе?

Сарыарқада қазіргі жүрген киіктердің саны 47–48 мың ғана.

Ал осыдан жиырма жыл бұрын даладағы киіктердің саны 1 миллион 400 мыңдай болған екен. Киіктердің жойылу қаупі бар.

88

Ұсыныс білдіремін

Дала жануарларын қалай қорғауға болатыны туралы сөйлесесің.

Ұсыныс, пікір жазып үйренесің.

ұсыныс
пікір
тыйым салу
ату
соғу

Көрсетіп және айтайық

1. Сурет бойынша сөйлем құра. Киік қауіпті жерде ме әлде қауіпсіз жерде ме?

Үлгі: Бірінші суретте киік қауіпті жерде тұр.
Орманда өрт болып жатыр.



1



2



3



4

Ойланайық

2. Сұрақты көршіңмен бірге талқыла.

1. Киіктер не себепті азайып бара жатыр?

Тыңдайық

3. Мәтінді тыңда.

Қазақстанда киіктердің саны азайып бара жатыр. Оның бірнеше себептері бар. Бірінші себебі – қаскөйлер киіктерді жиі атып, оның мүйізін сатады. Менің ойымша, киіктерді атуға тыйым салу керек.



Қазіргі кезде киіктер арасында жұқпалы аурулар көп. Ауру киіктерді ұстайтын қасқырлар саны аз. Кейде киіктерді жолдағы көліктер қағып кетеді. Менің ойымша, киіктер жүретін аймаққа қоршау тұрғызу керек.



Тыңдап және жауап берейік

4. Сөйлемдерді оқы. «Дұрыс» немесе «бұрыс» екенін анықта.


1. Қаскөйлер киіктерді атады.
2. Киіктердің мүйізін қаскөйлер сатып алады.
3. Киіктер жұқпалы аурумен жиі ауырады.
4. Киіктерді қасқырлар көп жейді.
5. Киіктерді көліктер қағып кетеді.

! Есте сақтайық

... у керек	...у қажет
Киіктерді атуға тыйым салу керек.	Киіктерді атуға тыйым салу қажет.
Киіктерді қорғау керек.	Киіктерді қорғау қажет.
Киіктерді үнемі бақылау керек.	Киіктерді үнемі бақылау қажет.

Жаттығайық

5. Киіктерді қорғау үшін не істеу керек? Өз ұсынысыңды айт.



Жазайық

6. Дайын құрылымды толықтырып жаз.

Қазіргі уақытта киіктер азайып бара жатыр.
Маралдардың жойылуына түрлі себептер бар:

Бірінші, ...

Екінші, ...

Үшінші, ...

Бұл мәселелерді шешу үшін мынадай ұсыныс айтқым келеді:

Алдымен ...

Содан соң ...

Келесі ...

Қорыта айтқанда, дала жануарларын қорғау керек.
Олардың адамға пайдасы өте көп. Табиғатты аялайық.

89

Ақылды аң

Қасқыр туралы оқып білесің.
Сөздік қорыңды толықтырасың.

үйір
жорыққа
шығу
қоректену

Жаңа сөз үйренейік



із қалдыру



үйір



жалғыз



басшы

Жаттығайық

1. Сөйлемдерді оқы. Бос орынға жаңа сөздердің бірін қой.

Қасқырлар ... жүрмейді, олар үйір болып жүреді.
Арлан қасқыр үйірге ... болады.

Көрсетіп және айтайық

2. Келесі беттегі суретке қара. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Қасқырлар неліктен бір ізбен келе жатыр деп ойлайсың?

Ең алдында қандай қасқырлар жүреді?

Бір қасқыр соңында неге жалғыз келе жатыр?

Оның алдындағы үш қасқыр неге бөлек келе жатыр деп ойлайсың?



Тыңдап және жауап берейік

а) Мәтінді тыңда және жүргізіп оқы. Өз болжамыңды тексер.

Қасқырлар өте ақылды. Олар топтасып тіршілік етеді, бірін-бірі қорғайды. Жорыққа шыққан кезде ең алда кәрі, ауру қасқырлар жүреді. Қалған қасқырлар алға шықпайды. Осылайша, кәрі қасқырлар топтан қалып қоймайды. Олардан кейін ең мықты қасқырлар жүреді. Қалған қасқырлар ортада болады. Ал қатардың соңында тағы бір топ күшті қасқырлар жүреді. Ең соңында топтың басшысы жалғыз болады. Ол топты бақылап жүреді.

Қасқырлар да табиғатқа пайдалы. Олар көбіне әлсіз, ауру аңдарды ұстайды.

ә) Сөйлемдерді толықтыр.

Ең алда келе жатқан үшеуі – үйірдегі ... , ... қасқырлар.
 Үшеуден кейінгі төрттік үйірдегі – ... қасқырлар.
 Соңғы жақта келе жатқан бесеуі де – ... қасқырлар.
 Үйірдің ең соңында келе жатқан –


Сөйлесейік

4. Сұраққа жауап жаз. Қасқыр қандай аң?



Ойланайық

5. Сөзжұмбақты шеш.



Тігінен:

1. «Біреу» сөзінің мағынасы.
2. Айналаны қарау.
3. Қасқырлар тобының басқаша атауы.
4. «Жас» сөзіне қарсы мәндес сөз.
5. Қасқыр терісінен тігілетін киім.

Көлденеңінен:

1. Дала жануарының басқаша атауы.
2. «Тамақтану» сөзімен мәндес сөз.
3. Қасқыр қандай аң?
4. Қасқырдың табанынан қалған сурет.

90

Ағаш отырғызу

Заттың санын шамамен қалай айтуға болатынын үйренесің.
Сандарды дұрыс жазуға үйренесің.

емен
қайың
терек
тоғай
тамыр
аялау

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен, кейін сыныппен бірге талқыла.

Газет оқисың ба?

Керек мәліметті қайдан іздейсің?

Ағаш егу туралы қайдан білуге болды?

Жаңа сөз үйренейік



қайың



егу



емен



терек

Оқы

Мақаланы түсініп оқы. Оның құрылымына назар аудар.

Нұрғали ағаның бағы



Нұрғали ағаның ауласы ағашқа толы. 400–500-дей жеміс ағашы, алма мен алмұрттың екі-үш сорты, теректердің бірнеше сорты, қайың, емен, табиғи долана жайқалып тұр.

«Бала кезімнен тау-тасты аралап, шөптің, ағаштың неше түрімен таныс болдым. Әлі есімде, үшінші сыныпта оқимын. Балалармен таудан алмаағашты көріп, тамырымен қазып алып, аулаға әкеліп ектім.

Нұрғали Нүсіпжанов Оны аялап күтуді әкем үйретті. Қазір ол жемісі бар үлкен ағаш болды. Мен жетпістен астым, ол алпыстан асты. Ағаш егу осылай басталды. Кейін 15–20 түп алмаағаш отырғыздым. Олар да жемісін беріп, жайқалып тұр.

Қазақта «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөз бар. Тіпті ағаш өсіруді бала тәрбиелегенмен бірдей деп есептеймін. Табиғатты қалай аяласаң, ол саған солай жауап береді...».

«Ана тілі» газеті. 06.04.2011ж.

Оқып және жауап берейік

3. Сұрақтардың жауабын мәтіннен тауып оқы.
1. Нұрғали ағаның бақшасында қанша жеміс ағашы бар?
2. Мақалада жеміс ағашынан басқа қандай ағаштар аталады?
3. Нұрғали аға үшінші сыныпта қандай ағаш отырғызды? Ол ағаш нешінші жыл өсіп тұр?
4. Мақалада қандай өнегелі сөздер бар?

Ойланайық

4. а) Мақалада қандай сандар бар? Заттың санын шамамен қалай айтуға болады? Ол сандарды қалай жазасың?

Жаттығайық

5. Шамамен алынған сандары бар сөйлемдерді теріп жаз.

1. Мен 7–8 түп қайың ағашын ектім. 2. Аулада он шақты ағаш өсіп тұр. 3. Жиырма шақты түп ағаш алып келді. 4. Тоғайға 50 түп терек ектік. 5. Кеше орманда жүз шақты кәрі ағаш кестік. 6. Төртінші сыныпта таудан алмаағаштың көшетін әкелдім. 7. Бұл ағаштарға 35 жыл болды. 8. Кейбір ағаштар 500 мың жыл өмір сүреді. 9. Ағаштың жеміс беруіне 5–6 жыл керек. 10. Бақтағы ағаштар 400–500-дей түп болады. 11. Менің ауламда шамамен 30 шақты терек бар.

Көрсетіп және айтайық

6. Оқығаның бойынша сурет сал. Салыстыр.

Біздің бақшада он шақты жеміс ағашы өсіп тұр. Олар бақшаны қоршай орналасқан. Бақшаға біз 4–5 қатар қауын мен қарбыз ектік. Сондай-ақ 5–6 қатар қызанақ пен қияр ектік. Қызанақ, сәбіз, пиязды екі қатардан ектік. Бақшаның кіре берісінде таңқурай өсіп тұр.

Ойнайық

7. Өз қиялыңдағы бақтың суретін сал. Көршіңе сөзбен сипаттап, суретті салуды сұра. Кейін өз суретіңмен салыстыр.

91

Емен мен долана

Емен мен долана ағашы туралы өлең оқисың,
Заттардың санын болжап айтуға үйренесің.

жаңғақ
бұтақ
дің
раушангүл
қабық
тікенең

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды талқыла.

Қандай ағаш атауларын білесің?

Саған қандай ағаш ұнайды?

Ағаш егіп көрдің бе?

Ағаштың пайдасы қандай?

Жаңа сөз үйренейік

Емен

Долана



дің



жаңғақ



тікенең



жеміс



қабық



раушангүл

Жазайық

2. Кесте сыз. Сурет бойынша ағаштарды салыстырып жаз.

Бағыттаушы сұрақтар	емен	долана
Діңі қандай?		
Жапырақтары қандай?		
Жемісі қандай?		
Бұтақтары қандай?		
Өсетін жері қандай?		

Оқып және жауап берейік

3. Өлеңді оқы. Толтырған кестені қосымша мәліметпен толықтыр.

Емен

Кәрі еменмін, 500 жылдай жасаған,
Тарихыңды менен сұра жас адам.
Төрт-сегіз жыл жаңғақтарым жаңғырып,
Кейбіріміз 2000-нан аса алған.

Бойым биік, 40–50 метрден,
Діңім жуан, бұтақтарым жетілген.
Гүлдер шағым мамыр болса, қазанда
Жаңғақ теріп, дәрі жаса, күтіммен.

Тілім-тілім, қоңыр сұр түс, қабығым,
Жапырағым, ірі, ұзын өсірген.
600-дей туысым бар әлемде,
Пайдасына жарап жатыр, өкінбен.

Долана

Мен де сенің болып келем, туысың
Раушангүлді, тікенектеу болмысым.
Бойым кіші болғанымен, төзім бар,
200-ге жуық менің туысым.

Көктем келсе, гүлден шашу шашамын,
Қызыл, ақ боп маңайымды ашамын.
Маусым, мамыр сұлу қыздай жасанып,
Сиқыршыдай түрлі моншақ жасадым.

Шаң-тозаңды мен мезетте басамын,
Тазалыққа өстіп үлес қосамын.
Баяу өсіп, толғаныммен туысым,
Ем-домға да пайдалы ғой тосабым.

Н. Дәулеткереева



Ойланайық

4. Сұрақтарға жауап бер.

Ағаштар неше жыл жасайды?

Олардың бойы қандай болады?

Бұл ағаштардың қандай пайдасы бар?

92

Пайдалы өсімдіктер

Өсімдіктердің пайдасы туралы ертегі оқисың,
Санды ретімен айтуды және жазуды үйренесің.

жусан
сексеуіл
қоға
алабота
жою

Жаңа сөз үйренейік



сексеуіл



қоға



жусан



алабота

Оқиық

1. Ертегіні түсініп оқы.

Зерек патша

Ертеде бір жас патша болыпты. Ол бала кезінен табиғатқа жақын екен. Бірде ол уәзірлеріне мынадай тапсырма беріпті: «**Шаһар** айналасында қандай пайдасыз өсімдіктер бар, оларды **жою керек**. Маған ең жаман өсімдіктерді алып келіндер», – дейді.

Уәзірлер патшаға **қоға, сексеуіл, жусан, алаботаны** алып келеді. Патша: «Оларды базарға апарып, өте төмен бағамен сатыңдар», – дейді.

Түстен кейін патша базарға барса, ешқандай өсімдік қалмапты. Ең бірінші **сексеуіл таусылыпты**. Оны көп сатып алған адам:

– Сексеуілді мен отын қыламын, – депті.

Екінші **қоға таусылыпты**. Оны көп сатып алған адам:

– Мен қоғадан арқан, жіп жасаймын, ыдыс та тоқимын, – депті.

Үшінші жусан таусылған. Оны да сатып алған адам былай депті:

– Жусан – өте пайдалы өсімдік. Ішің ауырса, жусанды қайнат та, суын іш. Жусанның қайнаған суына жіп бояймын.

Төртінші алабота таусылыпты. Мұны көп сатып алған адам:

– Мен алаботада сабын жасаймын. Тамаққа қосамын, дәрі жасаймын, – деп айтыпты.

Ақылды патша әр өсімдіктің пайдасы бар екенін түсініпті.

Оқып және жауап берейік

2. Үш бағанда берілген мәліметті қос.

Бірінші	қоға	Бұл өсімдікті иіскесең, шаршағаның басылады.
Екінші	сексеуіл	Оны тамаққа қосамын. Одан сабын жасаймын.
Үшінші	алабота	Оны салсам, пеш ыстық болып тұрады. Сиыр жесе, салмақ қосады.
Төртінші	жусан	Мен бұл өсімдіктен арқан, жіп жасаймын ыдыс тоқимын.

! Есте сақтайық

Қанша? Нешінші?

Қанша Неше?	Нешінші?
бір	бірінші
екі	екінші
үш	үшінші
төрт	төртінші
бес	бесінші
алты	алтыншы
жеті	жетінші
сегіз	сегізінші
тоғыз	тоғызыншы
он	оныншы

93

Қызыл кітапқа енген гүлдер

Қызыл кітапқа енген гүлдер туралы оқысың.
Кестеге маңызды мәліметтерді таңдап
жазуды үйренесің.

гүлзар
раушангүл
тікенек
сирек
теру

Жаңа сөз үйренейік



тікенек



теру



раушангүл

Жаттығайық

1. Сөйлемдерді сөздермен толықтыр.

Сөздер: тікенек, гүлзар, теру, раушангүл.

Үлгі: Далада жасыл шалғын жайқалып өсіп тұр.

1. Тауға барып бүлдірген ... маған қатты ұнайды.
2. Раушангүлде ... бар.
3. ... – түрлі сирек гүлдерді өсіретін орын.
4. ... ақ болса, оны бояуға болады.

Оқыық

2. Үш топқа бөлініңдер. Текшені шығару арқылы мәтінді таңдаңдар.

Лалагүл



Лалагүл – көпжылдық өсімдік. Қазақстанда кездесетін жалғыз түрі – бұйра лалагүл. Ол Жетісу жерінде кездеседі. Орманды, таулы, шалғынды жерлерде өседі. Биіктігі – 60–100 см, сабағы түкті. Жاپырағының ұзындығы – 8–10 см. Гүлдері ірі болады. Ашық қызыл, қызыл сары түсті қара дақтары бар. Лалагүл – хош иісті гүл.

Ол шілдеде гүлдейді. Одан дәрі жасайды, бояу алады, жу-

асын тағамға қосады, гүлінен ара бал жинайды. Ол Қызыл кітапқа енгізілген.

Итмұрын



Итмұрынның тамыры, жапырағы, жемісі адам денсаулығына өте шипалы. Итмұрыннан түрлі дәрумен алады. Ол иммунитетті көтеруге, бауырды емдеуге, сынған сүйекті емдеуге дәрі болады. Қыста тұмауға қарсы қайнатып ішеді. Бұтағы тікенекті. Биіктігі шамамен 2 метрдей. Ол Қазақстанның барлық таулы аймағында өседі. Итмұрынның гүлі ақ, қызғылт, сары түсті, диаметрі 4–6 см, хош иісті. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісін тамыз, қыргүйек айларында теруге болады. Жемісі сопақша келген, түсі қызыл немесе қызғылт сары болады.

Кеш қызғалдақ



Кеш қызғалдақ – көпжылдық өсімдік. Қазақстанда Іле Алатауының батыс бөлігінде ғана кездеседі. Далалы жерде өседі. Биіктігі – 5–15 см, жуашығы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 3 см-дей, сырты қарақоңыр. Жапырақтары жіңішке және ұзын. Гүлі ақ, өте сирек сары түсті болады. Сәуір, мамыр айларында гүлдейді. Әсемдік үшін өсіріледі. Кеш қызғалдақ – өте сирек кездесетін түр. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Оқып және жауап берейік

3. Кестені постерге сызып ал. Оқыған мәтін туралы мәліметті кестеге жаз.

Гүл атауы	Биіктігі	Гүлдің түсі	Ұшырасуы	Таралған аймағы	Пайдасы

Ізденейік

4. Өзіңе ұнайтын гүл туралы мәлімет ізде. Оны сипаттап айт.

93**Қайталау**

Заттың санын шамалап айта аламын.

1. Сөйлемді цифрмен толықтыр.
1. ... жастағы маралдың мүйізін қымбатқа сатады.
2. Әр бұғыдан ... кг-ға дейін мүйіз алады.
3. Киіктің текелерінің салмағы шамамен ... болады.
4. Кәрі емен шамамен ... жылдай өмір сүреді, кейбір түрлері 2000-нан асады.
5. Нұрғали ағаның бағында ... түп ағаш бар.
6. Лалагүлдің биіктігі шамамен ... см.

Заттардың ретін айта аламын және жаза аламын.

2. Сұраққа жауап жаз.
- 1) Сен нешінші сыныпта оқисың?
- 2) Сен нешінші қатарда отырсың?
- 3) Бүгін аптаның нешінші күні?
- 4) Рет саны бойынша қазір нешінші ай?
- 5) Қазір қай (нешінші)жыл?

Өсімдіктердің атауын білемін.

3. Суреттегі өсімдіктердің атауын дәптеріңе жаз.



с							
---	--	--	--	--	--	--	--



р							
---	--	--	--	--	--	--	--



ж							
---	--	--	--	--	--	--	--



е [] [] [] []



қ [] [] [] []



т [] [] [] []



п [] [] []



кеш [] [] [] [] [] [] [] []

Мәндес сөздерді білемін.

4. Мәндес сөздерді жаз.

Ағаш отырғызу, ...

Азаю, ...

Бақылау, ...

Үйір, ...

Баптап күту, ...


Теру, ...

Сирек, ...

Тұщы, ...

Өсімдіктердің құрылысын білемін.

5. Емен мен раушангүлдің құрылысын жаз.



Жануарларды қорғау туралы пікірімді айтамын және ұсыныс жаза аламын.

6. Маралдарды қорғау туралы өз ұсынысыңды жаз.

Қазіргі уақытта маралдар азайып бара жатыр. Маралдардың жойылуына түрлі себептер бар.

Бірінші, ...

Екінші,

Үшінші,

Бұл мәселелерді шешу үшін мынадай ұсыныс айтқым келеді.

Алдымен ...

Содан соң ...

Келесі ...

Қорыта айтқанда, маралдарды қорғау керек. Олардың адамға пайдасы өте көп. Табиғатты аялайық.

95

Жәндіктердің айтысы

Жәндіктердің тіршілігі туралы оқысың.
Болымсыз мағынадағы сөздерді қолдана
білуге үйренесің.

өрмекші
маса
инелік

Жаңа сөз үйренейік



құмырсқа



өрмекші



ара



шыбын



маса



көбелек

Оқиық

1. Жұмбақтарды оқып, шешуін тап.

_____ алмай тынымды,
Күні бойы болдырып.
Ұстауға ұшқан шыбынды,
Тастады бір тор құрып.



Гүл ұшып гүлге қонады,
Гүл бақшам гүлге толады.

Ұшады, қонады,
Гүлдердің қонағы.
Қысыңда көрінбей.
Жазыңда болады.



Екі басы жұдырықтай,
Ортасы қылдырықтай.

Ойланайық

2. Суреттегі жәндіктердің қайсысы пайдалы деп ойлайсың?

Пайдасына қарай орналасу ретін анықта.



Мен өрмек тоқимын. Шыбын-шіркейлерді ұстаймын.



Мен гүлдердің тұқымын таратамын.



Мен гүлдердің тұқымын таратамын, шырынын алып, бал жасаймын.



Мен топырақты зиянды жәндіктерден қорғаймын.

Оқиық

3. Диалогті оқы. Қарамен берілген сөздерге назар аудар.

Өрмекші: Сәлем достым, сен қашан демаласың?
Үнемі жыбырлап жүресің. Не істейсің осы?

Құмырса: Мен **ешқашан** демалмаймын. Демалатын уақытым жоқ. Өзің шаршасаң, өрмегінде жата бер.

Өрмекші: Иә, мен **ешқашан ешқайда** асықпаймын. Менің азығым өзі торға түседі. **Ешқайдан** тамақ тасымаймын.

Құмырса: Өрмек тоқудан басқа **ештеңе** білмейсің бе? Азықты күтіп жатудан шаршамайсың ба? Менімен жүр. **Ешкім** жеп көрмеген тағамдарды беремін.

Маса: **Ешкімге ешкім** қарыз емес, мазанды алатын өрмекшіні неге шақырасың?

Құмырса: **Ештеңе** етпес, **еш нәрсеге** қызықпайтын, **ештеңе** көрмейтін, тау-тасты араламайтын бұл жәндіктің көзін ашқым келеді. Кім біледі өзгеріп кетер. Әлем керемет қой!

Маса: **Дәнеңе** де түсінбейді, бекер әуре боласың. **Ешбір жан** өрмекшіге **ештеңе** үйрете алмайды, оны **ешқашан** өзгерте алмайды.

Өрмекші: Масажан, мен де пайда келтіре аламын. Емдік қасиетім де бар. **Еш жерің** ауырмай ма? Емдеп берейін.

Маса: Саған емге барған туыстарым үйге келмеді, **ешқашан** сенің сөзіңе сенбеймін. Менің денсаулығым жақсы. Рақмет.

Құмырса: Сөйлесіп тұра алмаймын, **еш уақытым** жоқ. **Жұмысым** тоқтап қалды. **Ешкім** қарсы емес шығар. Мен кете берейін...

! Есте сақтайық

Бірге жазылады	Бөлек жазылады
ешқашан ешкім ештеңе ешқайсысы ешбір ешқандай ешқайда	еш адам еш уақыт еш жан

Жаттығайық

4. Сөйлемдегі бос орынға кестедегі сөздердің бірін қой.

1. Масаның ... пайдасы жоқ. 2. Құмырсқа ... бос жүрмейді. 3. «Мен ... демалмаймын», – деді құмырсқа. 4. Өрмекші ... өзгермейді. Ол өрмек тоқи береді. 5. Шыбын ... ұнамайды. 6. Көбелектің ... үйі жоқ.

Жазайық

5. Көршіңе диктант жаздыр. Қарсы тұрған диктантты жауып қой.

А оқушы

Ешқашан құмырсқаның
үйін бұзба.
Оған еш жамандық жасама.
Ол ешкімге зиян келтірмейді.
Уайымдайтын ештеңе жоқ.

Ә оқушы

Еш жәндік босқа жүрген жоқ.
Ешқайсысы пайдасыз емес.
Бәрі пайдалы. Еш уақытта
оларға жамандық жасама.

96

Құмырсқаның илеуі

Құмырсқаның тіршілігі және пайдасы туралы оқисың.
Сөздік қорыңды дамытасың.

илеу
аталық
аналық
дернәсіл

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Құмырсқаны көрдің бе?

Ол қандай жәндік?

Дене тұрпаты қандай?

Құмырсқаның қанша көзі, аяғы бар?

Құмырсқаның илеуін көрдің бе?

Құмырсқаның пайдасы қандай деп ойлайсың?



Ізденейік

2. Құмырсқаның суретін сал. Дене тұрпатын сипаттап айт.

Үлгі: Құмырсқаның екі мұрты бар.

Жаңа сөз үйренейік



илеу



дернәсіл


аналық
құмырсқажұмысшы
құмырсқааталық
құмырсқа

Оқыық

3. Мәтінді түсініп оқы.

Әрбір илеуде аталық, аналық, жұмысшы және жауынгер құмырсқалар болады. Әлі өспеген құмырсқалар жұмысшы құмырсқалар деп аталады. Олар илеудегі ауаны, ылғалды реттейді. Аналық құмырсқалар кейде 20 жылға дейін өмір сүреді.

Құмырсқалар илеуін қураған өсімдік сабақтары мен



жапырақтардан жасайды. Олар зиянды құрттармен қоректенеді. Қазіргі кезде Қытайда құмырсақ дернәсілінен дәрілер дайындайды. Ғалымдардың айтуынша, құмырсақалар жұқпалы аурулармен ауырмайды. Демек құмырсақ бар жер – таза жер.

Құмырсақалар жүрген іздерінде тамшы қалдырады, сол иіс бойынша адаспай илеуін қайта табады.

Құмырсақалардың 5000-дай түрі бар. Құмырсақалардың илеуін бұзба!

Оқып және жауап берейік

4. Сөйлемдерді оқы. Қажет сөздермен толықтыр.

Әрбір илеуде ... , ... , ... , ... құмырсақалар болады.

Құмырсақалар _____, _____ реттейді.

Аналық құмырсақалар кейде өмір сүреді.

Құмырсақалар илеуін ..., ... жасайды.

Бір илеудегі құмырсақалар тәулігіне ... дейін жәндіктерді жояды.


Қытайда құмырсақаның дернәсілінен емдік ... жасайды.

Ғалымдардың айтуынша, құмырсақалар ... ауырмайды.

Құмырсақалар ..., ... қоректенеді.

Жазайық

5. Құмырсақаның даму кезеңдерін ретімен жаз.



Үлгі:

Жұмыртқа өседі. Біраздан соң ол дернәсілге айналады. ...

97

Каспий теңізі

Каспий теңізі туралы мәтін оқисың.
Жүзге дейінгі сандарды қолданып үйренесің.
Пайыздық мағынаны түсінесің.

бағалау
көгал
уылдырық
қоқиқаз
кештер
шағала

Сөйлесейік

1. Сұрақ-жауап түрінде сөйлесіңдер.

Каспий теңізі туралы естідің бе?

Каспий теңізі Қазақстанның қай аймағында орналасқан?

Каспий теңізінің жағасында қандай қала бар?

Көрсетіп және айтайық

2. Каспий теңізінің маңында қандай мемлекеттер орналасқан?

Сен білесің бе?

Каспий теңізінің жалпы ауданы – 376 мың км². Жағалау сызығы Қазақстан үлесіне – 29% (2340 км), Ресейге – 9% , Әзірбайжанға – 20% , Түрікменстанға – 21% , Иранға – 14% .



! Есте сақтайық

100-дің 10 пайызы

100-дің 25 пайызы

100-дің 50 пайызы



10%



50%



25%

Жазайық

3. Дәптерге диаграмманың суретін сал. Пайыздық көрсеткіштерді шамамен белгіле. Әр мемлекет атауын жаз. Жоғарыдағы үлгіні басшылыққа ал.



Оқиық

4. Мәтінді шолып оқы.

Теңіз маңында

Мен Ақтауда тұрамын. Ақтау қаласы Каспий теңізінің бойында орналасқан. Каспий теңізі өте үлкен. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созылып жатыр.

Каспий теңізінде балықтардың көптеген түрлері бар. Олардың ішінде қызылбалық аса қымбат бағаланады. Оның қара уылдырығын өте қымбат бағаға сатады.


Жазда отбасымен бірге теңізге шығамыз. Қайыққа отырып, балықтарды қызықтаймыз.

Теңіздің маңында құстар да жүреді. Кептер мен шағалалар, қаз-үйректер, аққулар бұл маңда өте көп. Қазақстанда сирек кездесетін қоқиқазды



да Каспийдің жағасынан кездестіре аламыз. Бұл құстар көгалдан гөрі судың маңынан өз қоректерін оңай табады.

Отбасымызбен құстарға жем бергенді ұнатамыз. Теңіз жағасын қоқыстан тазалау жұмыстарына қатысамыз.



Оқып және жауап берейік

5. Сөйлемдерді оқы. Дұрыс мәліметті анықта.

Каспий теңізінде қызылбалық жоқ.

Каспий теңізінің маңында қоқиқаз бен аққу жүреді.

Теңізден итбалықты жиі көре аламыз.

Үйрек пен қаз, қоқиқаз бен аққу теңізге қарағанда көгалды ұнатады.

Теңіздің айналасында қоқыстар қалдыруға болмайды.

98

Құстар мен жәндіктер

Құстардың пайдасы туралы мәлімет оқисың.
Заттың санын топтап айтуды үйренесің.

бозторғай
немқұрайды
шөлден
тарғыл
арамшөп

Сөйлесейік

1. Суретте берілген құстар мен жәндіктерді ата. Олардың пайдасы мен зияны туралы не білесің? Айтып бер.



Ойланайық

2. Жауапты жоғарыдағы суреттен тап.

Арамшөптің дәндерін
Қорек етіп жүремін.
Мақсатым да ондағы –
Көбеймесін дегенім.

Жәндіктен де егінді,
Азат етіп жүремін.
Мақсатым да ондағы –
Егін өссін дегенім. Бұл не?

Сен білесің бе?

- Бозторғайлар тек Антарктидада ғана кездеспейді.
- Олар жәндіктермен және өсімдіктің дәнімен қоректенеді.
- Бозторғай – тыныштықты сүйетін құс.

Тыңдап және оқиық

3. Мәтінді көршіңмен кезектесіп оқы. Жоқ мәліметті тыңдап, толықтыр. Стикерді қолдан.

А оқушы

Бозторғайды біз кейде **сайрағыш құс** деп те атаймыз. Оның әлемде ... түрі бар. Қазақстанда оның **13** түрі кездеседі. Оның бір түрі ғана ... енгізілген.

Бозторғайды **шөл даладан, таудан, жазық даладан, орманнан, ауыл маңынан** көруге болады. Оның дене тұрқы ... болады. Қанаттары ұзын, аяқтары қысқа. Артқы бармағында ұзын тырнағы бар. Оның *салмағы – 30–48 г*. Бозторғайлар ... ұя салады. Ұяға *екеуден немесе алтаудан тарғыл* жұмыртқа салады.

Бозторғайлар қыста ... ұшып кетеді. Бозторғайлар **өсімдік дәнімен және жәндіктермен** қоректенеді. ... де дәнін жеп, пайда келтіреді. Бозторғайдың азайып кетуіне *немқурайды қарауға* болмайды. Ол – егін күзетшісі.

Ә оқушы

Бозторғайды біз кейде ... деп те атаймыз. Оның әлемде **75** түрі бар. Қазақстанда оның ... түрі кездеседі. Оның бір түрі ғана **Қызыл кітапқа** енгізілген. Бозторғайды ... көруге болады. Оның дене тұрқы **8–23 см** болады. Қанаттары ұзын, аяқтары қысқа. Артқы бармағында ұзын тырнағы бар. Оның *салмағы – ... г*. Бозторғайлар **жерге** ұя салады. Ұяға ... *тарғыл* жұмыртқа салады. Бозторғайлар қыста **жылы аймақтарға** ұшып кетеді.

Бозторғайлар ... қоректенеді. **Арамшөптердің** де дәнін жеп пайда келтіреді. Бозторғайдың азайып кетуіне *немқурайды қарауға* болмайды. Ол – егін күзетшісі.

Оқып және жауап берейік

4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бозторғайды біз кейде қалай атаймыз?
2. Қазақстанда бозторғайдың неше түрі бар?
3. Бозторғай ұясын қайда салады?
4. Бозторғай қандай жерлерде мекен етеді?
5. Бозторғай немен қоректенеді?

❗ Есте сақтайық

Бозторғайлар **екеуден** немесе **алтаудан** жұмыртқа салады.
Бозторғайлар **екі-екіден** немесе **алты-алтыдан** жұмыртқа салады.

Көрсетіп және айтайық

5. Суретке қара. Құстар мен жәндіктер нешеуден топтасқан?
Айтып бер.



1. Қоқиқаздар **екі-екіден** түр.
2. Аққулар үнемі **екеуден** жүреді.
3. Тауықтар ... жайылып жүр.
4. Құмырсқалар ... бірігіп, жауынқұрт тасып жүр.
5. Тырналар ... бөлініпті.
6. Бозторғайлар ... дән шоқып отыр.

99

Табиғат қорғаушылары

Күнделік оқисың.
Табиғатты қорғау ісіне шақыру туралы
жарнама жазып үйренесің.

ДЫМҚЫЛ
ЖӘШІК

Жаңа сөз үйренейік



жәшік



дымқыл



қоқыстарды реттеу

Оқып және жауап берейік

1. Күнделікті оқы. Таныс емес сөздерді талқыла.

Дүйсенбі

Біз бүгін таңертең сағат алтыда тұрдық. Күн жауып тұрды. Бүгін ағаштың артық бұтағын кесеміз.

Сейсенбі

Біз бүгін де ерте тұрдық. Күн ашық. Бүгінде тапсырма алдық. Өзенді қоқыстардан тазалау керек болды. Көптеген шыны және пластик бөтелкелер таптық.

Сәрсенбі

Бүгін таңертең аспан ашық, бұлтсыз болды. Ал түс мезгілінде жаңбыр жауды. Жаңа ғана 20 түп ағаш егіп келдік.

Үстіміз, аяқкиіміміз дымқыл. Ыстық шай ішіп, әрең жылындық.

Бейсенбі

Біз бүгін таңертең бос болдық. Түске дейін қайыққа отырып серуендедік. Түсте тағы жаңбыр жауды. Кешегі еккен ағаштар құлап қалмаса екен. Бүгін көшеге гүл екепдік. Гүлзарда жұмыс істедік.

Жұма

Бүгін күні бойы қоқыстары реттедік. Қағаздарды бөлек, пластиктерді, тағамды бөлек жәшіктерге салдық.

Оқып және жауап берейік

2. Мәліметтерді сәйкестендір.

дүйсенбі	20 түп ағаш отырғызды.
сейсенбі	Гүлзарда жұмыс істеді.
сәрсенбі	Ағаштың бұталарын кесті.
бейсенбі	Қоқыстарды реттеді.
жұма	Өзенді қоқыстан тазалады.
сенбі-жексенбі	

Жазайық

3. Постерге «Табиғатты қорғайық!» тақырыбында жарнама жаз.

Құрметті достар!

Баршаңызды «Табиғатты қорғайық!» атты акцияға қатысуға шақырамын.

Кәне, бәріміз бірге:

- ағаш бұталарын кесейік;
- өзенді қоқыстан тазалайық;
- жануарларға қамқор болайық;
- ...
- ...



100

Қоқыс тастама

Қоршаған ортаны қоқыстан тазарту туралы сөйлесесің.
Белгісіздік мағынаны білдіретін сөздерді үйренесің.

түтін
көлеңке
тастап кету

Жаңа сөз үйренейік



көлеңке



түтін



тастап кету

Сөйлесейік

1. Суретке қара. Берілген мәліметті қолданып, әңгіме құрастырып айт.



– Саябақтың ауасы керемет.
– Иә, қаланың шуы мен түтіні бәрімізді шаршатады.
Бүгін мұнда адам аз. **Кейбір** күндері адам өте көп болады.



– Иә, балақай, әлдене болды ма?
– Өтінемін, қоқыстарыңызды тастамаңызшы.
– Кешіріңдер, балалар, ұмытып кетіппін.

Оқып және жауап берейік

2. Сөйлемдерді оқы. Қарамен жазылған сөздер қандай мағынаны береді? Сөздердің арасында мағыналық жақындық бар ма?
1. Неге сұрадың **бірдеңе** болып қалды ма?
 2. Иә, **әрбір** адам өзінен бастау керек қой. Сонда айнала таза болады.
 3. Орнымызды **әлдеқашан** жинадық.
 4. **Кейбір** күндері саябақта кісі көп болады.
 5. **Кімде-кім** қоқыс қалдырса, айып саламыз.
 6. Иә, балақай, **әлдене** болды ма?

❗ Есте сақтайық

Белгісіздік мағынаны білдіретін сөздер

Бірдеңе (әлдене), әрбір, әр, бір, кімде-кім, әркім, әлдеқашан.

! Назар аударайық

Бірге жазылатын жағдай	Бөлек жазылатын жағдай
Әрқашан, әрбір, әркім	Әр адам, әр күн сайын, әр үй

Жаттығайық

3. Сөз тіркесін құрап оқы. Сөйлем құра.





Ойланайық

4. Сөйлемдерді толықтыр.

Қажет сөздер: кімде-кім, бірдеңе, әрбір, біреу, әлдеқашан, бірнеше,

1. Судан ... көрдім.

2. Алыста ... келе жатыр.

3. ... адам тазалықты өзінен бастау керек.

4. ... адамдар қоқысты есік алдына, көшеге тастап кетеді.

5. ... қоқысты жинадық.

6. Егер ... қоқыс тастап кетсе, айып саламыз.

7 ... рет айтпаймыз.

8. Табиғатты қорғауға біз ... дайынбыз.

9. Табиғат ортақ үйіміз. Мұны ... түсінеді.

101

Қайта өңдеу

Табиғат байлықтарын үнемдеп қолдану керектігін сөйлесіп үйренесің.

бүлдіру
пайдалану
өңдеу
өнім шығару
артық

Жаңа сөз үйренейік

2. Суретке қара. Не дұрыс емес? Анықта.
Үлгіні қолданып сөйле.

Үлгі: Ақ қағазды бүлдіру дұрыс емес.



Жаңа сөз үйренейік



пайдалану



бүлдіру



өңдеу/қайта
пайдалану



артық

Жаттығайық

2. а) Сөйлемдерге сәйкес тіркесті тауып айт.

1. Көлік сынса, ...

екінші жағын да
пайдалану керек

2. Ақ қағаздың тек бір жағы
жазылса, ...

азайту керек

3. Жерде нан жатса, ...

қайта жөндеу
керек

4. Қоқыс салатын дорба тым
толып кетсе, ...

еңкейіп алу
керек

5. Қолданылған қағаз ыдысты ...

қайта өңдеу
керек

6. Босап қалған пластик
ыдыстарды ...

ә) Сөйлем құрап жаз.

Үлгі:

Менің ойымша, тамақты артық алу дұрыс емес. Өйткені тамақ қоқысқа тасталады. Қысқасы, төрелкедегі тамақты азайту керек.

Менің ойымша, қағазды көп қимау керек. Өйткені қағаз қоқысқа тасталады. Қысқасы, қағазды қайта өңдеу керек.

Ойнайық

3. Суретке байланысты тез сөйлем құра. Қарсы топпен жарысқа түс.

А оқушы



Ә оқушы



102

Қалдықсыз өмір сүйрейік

Қалдықсыз қалай өмір сүруге болатыны туралы сөйлесесің.

Сөйлемдегі үтірдің орны туралы білім аласың.

қалдық
өнім
өндірістік
еру
шіру
улы зат

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

«Қалдық» дегеніміз не?

Қандай қалдықтар болады?

«Табиғи қалдық» дегеніміз не?

«Өндірістік қалдық» дегеніміз не?

Еш қалдықсыз өмір сүруге бола ма?



Оқыық

2. Ерболдың ұсынысымен таныс.

Қайта өңдеу

Қазіргі уақытта жер бетінде көптеген қалдық түрлері бар. Олар – пластикалық заттар, электроника құрылғылары, жиһаздар, киім мен тамақ. Осылардың ішінде пластик заттар қоршаған ортаға зиянын көп тигізеді. Олар ашық далада жатып өзінен улы зат бөледі, шірімейді. Мысалы, гүл отырғызатын ыдыс, моншақ, сәндік бұйымдар осы пластиктен жасалады. Менің ұсынысым, қалдық заттарды қайта өңдеу керек. Сонда біз зиянды қоқысты жоямыз, әрі пайдалы жаңа өнім аламыз. Алдымен пластик заттарды қолдануды азайту керек. Мысалы, пластик ыдыстың орнына қағаз ыдыстарды қолдану дұрыс болады. Пластик дорбаның орнына қағаз дорба шығару керек. Одан кейін пластиктерді қайта өңдеп, үнемі қайта шығару керек деп ойлаймын.

Оқып және жауап берейік

3. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Жер бетінде қалдықтың қандай түрлері бар?
2. Қалдықтардың қандай түрлері өте зиянды? Неліктен?
3. Зиянды пластик қалдықтарды қалай азайтуға немесе жоюға болады?
4. Пластик заттардан не істеуге болады?

Сөйлесейік

4. Пластик бөтелкеден не істеуге болатыны туралы айтыңдар.

А оқушы



Ә оқушы



Ойланайық

5. Сөйлемдерді оқы. Үтірдің (,) қойылу себебі туралы ойлан. Сөйлемге сұрақ қойып көр.

Пластиктен моншақ, жүзік, түйреуіш жасауға болады.

Пластик оңай майысады, ериді, тез қатады.

Мына пластиктер – мөлдір, жұмсақ, иіссіз.

Мысалы, пластиктен кәдесый жасауға болады.

Жазайық

6. Өз ұсынысыңды жаз.

Пластикті қайда қолдануға болады? Пластиктен қандай заттар жасалады?

Пластмасса қай жерлерде көп қолданылады?

Пластиктен қалдық қалмау үшін не істеу керек?


103

Суды үнемдеу

Суды үнемдеу туралы мәлімет оқысың.
Суды үнемдеу туралы пайдалы кеңестер
жазып үйренесің.

үнемдеу
текше метр
ауызсу

Жаңа сөз үйренейік



текше метр



ауызсу



үнемдеу

Ойланайық

1. Суды қалай үнемдеуге болады?

Душқа түс, ваннаға
су көп кетеді.



Сен білесің бе?

Су – тіршілік көзі. Сусыз жер бетінде тіршілік болмайды. Күнделікті тұрмыста адамдар суды көп мөлшерде қолданады. Мамандардың айтуынша, бір адам тәулігіне 500 литрге дейін су жұмсайды екен. Сонда 500 мыңдай тұрғыны бар облыс тәулігіне қанша текше метр су қолданады? Жер бетінде ауызсу қоры мүлде аз екенін де ұмытпа.



! Назар аударайық

Ыдысты кран астына жума,
 Көлікті плангамен жума,
 Ваннаға суды көп толтырма,
 Кранды ашып қойып
 тіс жуу дұрыс емес,
 Кір жуатын мәшинеге
 аз киім салу дұрыс емес,
 Ыдысты мәшинемен
 жуу дұрыс емес,
 Ауыз суды кір жууға
 қолдану дұрыс емес,

себебі су көп кетеді.

өйткені су көп шығын болады.

! Есте сақтайық

Ыдысты кран астына қойып жума, себебі су көп кетеді.

Кранды ашып қойып тіс жуу дұрыс емес, өйткені су көп шығын болады.

Тыныс белгісін есіңе сақта.

Жаттығайық

2. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құра.

Кранды ашық қалдыру, ваннаға жуыну, жемістерді кранның астына жуу, киімді кір мәшинеге толтырмай салу, бақшаны ауызсумен суару, ауызсумен жуыну, жаңбыр суын пайдалану.

Сөйлесейік

3. Постерге қара. Суды қалай үнемдеуге болатынын айт.



Жазайық

4. Өз постеріңді жаса. Постерге суды үнемдеу туралы кеңестер жаз.

104

Қайталау

Болымсыз мағыналы сөздерді түсінемін.

1. Көп нүктенің орнына қажет сөздерді қой.

Қажет сөздер: ештеңе, ешқашан, ешқандай, ешкім.

... құмырсақаның илеуін бұзба.

Құмырсақаның ... зияны жоқ.

«... қарсы болмаса мен кетейін», – деді құмырсақ.

«Масамен ... дос болмаймын», – деді көбелек.

«Өрмекшіні ... қызықтырмайды», – деді маса.

Менің ойымша, шыбынның ... пайдасы жоқ.

Сандарды жинақтап, топтап айта аламын.

2. а) Суретке қарап, сөйлем құра.

Үлгі: Құмырсақалар он-оннан немесе жиырма-жиырмадан топтасып жүк көтереді.



ә) Сұраққа жауап бер. Сандарды жинақтап қолдан.

– Көлден қанша қаз көріп тұрсың?

– Шағаланың неше қанаты бар?

– Ағашта тоқылдақ нешеу?

– Ұяға неше бозторғай келіп қонды?

1

5

7

3

4

6

2


- Неше үйрек аспанға көтерілді?
- Қоқиқаздың нешеуі теңіз жағасында тұр?
- Сенің үйіңде қанша балық бар?

100 санының бөлігін, пайызды түсіндіре аламын.

3. а) Сөйлемдерді сандармен толықтыр.

1. Жүздің жартысын ... пайыз дейміз.
2. Елудің жартысын пайыз дейміз.
3. Жүзді онға бөліп алғанда оны ... пайыз дейміз.

ә) Суретті түсіндір.



Дейін, шейін, кейін сөздерін қолдана білемін, мағынасын түсінемін.

4. Сөздерді қолданып, сөйлем құра.

Үлгі:

1. Құмырсқалар тәулігіне 10 мыңнан 30 мыңға **дейін** жәндіктерді жояды.
2. Бозторғайлардың салмағы 30 кг-нан 48 кг-ға **дейін** болады.
3. Бозторғайлар 2-ден 6-ға **дейін** жұмыртқа салады.
4. Қаздар жылы жаққа **дейін** топ болып ұшады.
5. Жылы жақтан келгеннен **кейін** құстар балапан шығарады.

Белгісіздік мағынасындағы сөздерді қолдана аламын.

5. Мәтінді тыңда, қажет сөздермен толықтыр.

Қажетті сөздер: әлдене, бірдеңе, кімде-кім, бірнеше, біраз, кейбір.

Кеше өзен жағасына бардым. Алыстан жүзіп келе жатқан **бірдеңені** көрдім. ... кезде суға батады, судан қайта шығады. ... қарап тұрдым. Айналаға қарадым. ... болса шақырайын деп ойлады. ... минуттан кейін ... жағаға жүзіп жетті. Байқасам, дельфин екен. Оған көмек керек сияқты көрінді.

Өз пікірімді ауызша немесе жазбаша білдіре аламын.

6. Қоршаған ортаны қалай таза ұстауға болады? Өз ойыңды жаз.

Табиғат-ананы қорғайық

Адам денсаулығының жақсы болуы қоршаған ортаның таза болуына байланысты. Ол үшін қоршаған ортаны таза ұстау керек. Оның бірнеше жолы бар.

Бірінші,

Екінші,

Үшінші,

Қорыта айтқанда, табиғатты аялайық, қорғайық! Қоршаған ортаны таза ұстайық!

МАЗМҰНЫ

IV. Мамандықтар әлемі	
Байқауға қатысамын.....	4
Сахна қызықтары	7
Дизайнер.....	9
Кішкентай тігінші	12
Кондитерлік зауытта.....	14
Ас мәзірі.....	17
Еңбек адамдары.....	20
Қайталау	23
Сәулетшінің өнері.....	26
Шаштаразда	29
Шаш үлгісін таңдаймыз.....	32
Киім дүкенінде.....	35
Сауданы қайдан жасадың	38
Мен дәрігер боламын.....	41
Спортшы	45
Қайталау	48
IV. Табиғат құбылыстары	
Ауа райы болжамы	51
Жайсыз күн	54
Аймақтар табиғаты	58
Қысқы ойын	62
Ауа райын бақылайық.....	64
Ғажайып қыс	67
Қыстағы аңшылық	70
Айналаны салыстыру	73
Алматы мен Астана.....	76
Қайталау	79
Менің білуімше.....	82
Халықтық болжам	85
Көктемгі құбылыстар	88
Жау-жау, жаңбыр	92
Дауылдан қорықтым	95
Қауіпті мекен	97
Жасанды мұхит.....	100
Теңіз астында.....	104
Орманды аймақ	106
Қайталау	109
VI. Қоршаған ортаны қорғау	
Табиғат – ортақ үйіміз.....	112
Қорықта	114
Сұлулықты сақтайық	117
Ұсыныс білдіремін	121
Ақылды аң.....	124
Ағаш отырғызу.....	127
Емен мен долана	130
Пайдалы өсімдіктер	133
Қызыл кітапқа енген гүлдер	136
Қайталау	138
Жөндіктердің айтысы	141
Құмырысқаның илеуі.....	145
Каспий теңізі	147
Құстар мен жөндіктер	150
Табиғат қорғаушылары	153
Қоқыс тастама.....	156
Қайта өңдеу	159
Қалдықсыз өмір сүйрейік	162
Суды үнемдеу.....	165
Қайталау	167

Оқулық басылым *Учебное издание*

**Нурлугуль Жузбаевна Даулеткереева,
Гульгуль Бектемировна Мухангалиева**

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІ
Оқулық Учебник
2-бөлім 2 часть

Оқу орыс тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған Для учащихся 4 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения

Әдіскер *Ф.С. Лекерова* Методист *Ф.С. Лекерова*
Редакторы *М.К. Солтангазина* Редактор *М.К. Солтангазина*
Көркемдеуші редакторы *Т.В. Толыбекова* Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*
Көркемдеп беттеген *М.С. Шелекбаева* Верстка *М. С. Шелекбаевой*

Басуға 18.02.2019 ж. қол қойылды. Подписано в печать 18.02.2019 г.
Пішімі 70x90 ¹/₁₆. Офсеттік басылым. Формат 70x90 ¹/₁₆. Печать офсетная.
Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Гарнитура «Школьная». Бумага офсетная.
Тапсырыс № 2103. Заказ № 2103

Қазақстан Республикасы, Республика Казахстан,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС, ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй, 050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10. тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz www.almatykitap.kz